



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

алдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№28 (1870) Жұма, 18-шілде 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Барселона қаласында өткен халықаралық STEM олимпиадасында, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінде ұйымдастырылған химия пәнінен халықаралық олимпиадада жеңіске жеткен қазақстандық оқушыларға құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұны еліміздің абырой-беделін арттыра түсетін тарихи жетістік ретінде бағалады.

— Бұл — Қазақстанда білім беру саласы қарқынды дамып келе жатқанының айқын дәлелі. Мемлекет жастардың сапалы білім, тағылымды тәрбие алуына әрдайым баса мән береді. Еліміз сіздерді мақтан тұтады. Жарқын жеңістеріңіз көп болсын! — деп жазды Президент.

www.akorda.kz



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ҮКІМЕТ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ЖІӨ-НІҢ 6,2%-ҒА ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында осы жылдың 6 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелері қаралды.

Премьер-министрдің орынбасары — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин экономикадағы қазіргі ахуал туралы баяндама жасады. Ұлттық Банк төрағасы Тимур Сүлейменов фискалдық және ақша-несие саясатын іске асыру туралы, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы қаржы министрі Мәди Тәкиев баяндады. Сондай-ақ өнеркәсіп және құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік, сауда және интеграция, энергетика, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлерінің және бірқатар өңір әкімдерінің баяндамалары тыңдалды.

Алдын ала мәліметтер бойынша, 2025 жылғы қаңтар-маусым айларында ЖІӨ көрсеткіші 6,2%-ға жетті. Өсу қарқынының артуы құрылыс, сауда, өнеркәсіп және байланыс салаларында тіркеледі.

Премьер-министр Президенттің экономиканы әртараптандыру және оның ұзақмерзімді өрі тұрақты өсуін қамтамасыз ету жөніндегі міндетіне назар аудартты.

Осыған байланысты іскерлік белсенділікті ынталандыру, инфрақұрылымды дамыту және цифрлық технологияларды енгізу үшін қажетті Үкімет қабылдаған кешенді қадамдардың маңыздылығы атап өтілді.

«Мемлекет басшысының экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Үкімет тарапынан жүйелі шаралар қабылданып, іске асырылып жатыр. Негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика бар. Инвестицияларды белсенді түрде тарту түрлі салаларда аса маңызды бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды бастауға ықпал етті. Мемлекет басшысы өңіріміздегі тұңғыш суперкомпьютер кластерін іске қосты. Оны қолдану кең ауқымды цифрландыру мен ашықтықты арттырып, көптеген экономикалық мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр экономиканы әртараптандыру арқылы ұзақмерзімді өрі

орнықты өсімді қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар мен тікелей шетелдік инвестициялар бойынша нысаналы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету керектігі атап өтілді. Осыған байланысты өңірлік инвестициялық штабтарды неғұрлым белсенді пайдалану міндеті қойылды. Жоғары технологиялық өнім шығару саласында экспортқа бағдарланған жобаларға баса назар аудару қажет. Өңдеу өнеркәсібінің тұрақты өсуі үшін ұзақмерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ете отырып, отандық кәсіпорындардың өндірістік жүктемесін арттыру тапсырылды.

Сонымен қатар арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарда тиісті инженерлік, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын құру жұмыстарын жеделдету қажет. Олжас Бектенов халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын белсенді тартудың маңыздылығын атап өтті.

Еліміздің транзиттік әлеуетін одан әрі кеңейту үшін көлік дәліздерінің өткізу қабілетін арттыру шараларын жеделдету міндеті қойылды.

«Бұл алдағы жылдары 3 мың шақы-

рымнан астам автокөлік жолын күрделі жөндеу, өткізу бекеттерін жаңғырту, Қазақстан арқылы өтетін теміржол дәлізі аясында жаңа жобаларды іске асыру, халықаралық авиахабтар құру жұмыстары басты назарда болуға тиіс. Бұл шаралар 2028-ші жылға қарай әуе көлігімен жүктерді тасымалдау көлемін, сондай-ақ 2027-ші жылға қарай теміржол транзитін 2 есеге арттыруға мүмкіндік береді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Бұған қоса егін орағы мен жылыту маусымына дер кезінде дайындалу үшін ішкі тасымал көлемін ұлғайту тапсырылды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жеткілікті әрі сапалы қорын қалыптастыру үшін Премьер-министр тиімді логистиканы қамтамасыз етіп, өнімді сақтау және сату тетіктерін әзірлеуді тапсырды.

Мүдделі мемлекеттік органдарға сауда саласының одан әрі дамуын және отандық өнімнің сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз ету мақсатында цифрлық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін арнайы аграрлық азық-түлік маркетплейсін құру бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Мұнай-газ саласында «Теңіз» кен орнындағы «Болашақ» кеңейту жобасын және «Ұңғыма» өрнеуінің қысымын басқару» жобасын толық іске қосуды аяқтауды, сонымен қатар газ өңдеу зауыттарын салу жобаларын іске асыруды жеделдетуді тапсырды.

Премьер-министр орталық және жергілікті атқарушы органдарға Инфляцияны бақылау мен төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенінің сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Бағаны тұрақтандыру — Үкімет пен әкімдіктер жұмысының маңызды басымдығы. Өңірлер ішкі нарықты өніммен қамтамасыз ету және делдалдық схемаларды анықтау жұмыстарын күшейтуге тиіс. Бұл орайда тұрақтандыру қорлары, форвардтық келісімдер, субсидиялау және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты тиімді құралдар бар. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіруге арналған басым дақылдардың егіс алқаптарын ұлғайту керек. Барлық бағыттар мен салалар бойынша кең ауқымды шараларды жүзеге асыру — тұрақты экономикалық өсімнің берік негізі», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

www.primeminister.kz

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЛАКӨЛ ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Басымдық берілетін туристік бағыттардың жай-күйін бағамдау мақсатында өңірлерге жұмыс сапарын жалғастырған ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев Жетісу облысындағы басты туристік бағыттардың бірі саналатын Алакөл көлі жағалауы инфрақұрылымының қазіргі жағдайымен танысты. Облыс құрылғаннан бері Алакөл ауданына 4,8 млн турист келген, соның 1,8 млн-ны өткен жылдың үлесінде.

Сапар барысында Вице-премьер коммуналдық жағажайда болды, мұнда өзге де аймақтардағы сияқты кешенді тұрғыда шешуді қажет ететін көптеген жүйелі мәселелердің бар екені анықталды. Бастапқы шарттар бар болғанымен, ашық және қолжетімді аумақтағы көптеген демалыс орындарында санитарлық жағдай, инженерлік және инфрақұрылымдық жағынан бірқатар түйткілдер сақталып қалып отыр.

«Коммуналдық жағажайда демалуға келетін адамдар да жекеменшік демалыс аймақтарындағыдай базалық жайлылықпен, қауіпсіздікпен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл – әділеттілік қағидасы. Адам қай жерде де таза, тәртіпті әрі ретті ортада демалуы керек», — деп атап өтті Ермек Көшербаев.

Премьер-министрдің орынбасары аудан әкімі мен жауапты салаларға жағажайдағы санитарлық жабдықтауды күшейту, қосымша қоқыс жәшіктерін сатып алу, судағы белгілер желісін ұзарту және шағын көлемді кемелерге арналған қауіпсіз кіру аймақтарын белгілеу жөнінде бірқатар тапсырма берді. Сонымен қатар киім ауыстыратын орындар, душ кабиналарын орнату, абаттандыру, соның ішінде белсенді демалыс аймақтарын қалыптастыру мүмкіндігін қарастыру тапсырылды.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жағалау аумағында кезекшілік атқаратын ТЖ қызметкерлерінің санын арттыру мәселесі қарастырылатын болады. Жағажайдағы жайма сауда мәселесіне де ерекше назар аударылды. Вице-премьер сауда нүктелері ретінде су және электр желісіне қосылған тұрақты дүңгіршектер орнату керектігін және оларда санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталуы қажеттігін атап өтті.

«Бұл мәселелер тек Алакөлге ғана емес, елдегі барлық өңірлерге тән. Мұндай түйткілдер еліміздің демалыс аймақтарында жиі туындайды. Біз барлық ұсыныстарды жинақтап, үздік тәжірибелерді саралап, Туризм және спорт министрлігінде жауапты мемлекеттік органдардың қатысуымен арнайы кеңес өткізетін боламыз. Туризм — тек бизнес емес, бұл ең алдымен азаматтардың өмір сүру сапасының көрсеткіші», — деді Ермек Көшербаев.

Сапар аясында Вице-премьер Ақши ауылындағы теміржол вокзалында да болып, туристермен тілдесті. Туристердің пікіріне қарағанда, мұнда оң өзгерістер байқалады, алайда жағажайлардың кейбір аймақтарында түйткілді мәселелер демалыс сапасына әлі де көлеңке түсіруде.



«Алакөлге отбасымызбен алғаш рет келіп отырмыз. Вокзалда да, жағажайда да реттілік бар. Жағажайларда, киім шешетін орындар мен душ кабиналары көбірек болса екен дейміз», — деді пікірін білдірген демалушы Галина Чепрына. «Сегіз жылдан бері бір жерге келіп демалып жүрміз. Қызмет көрсетуі, ауасы, суы — бәрі ұнайды. Дегенмен, жағажай учаскесінің қай-қайсының да, әсіресе тегін аймақтардың бір стандартқа сай болғанын қалаймыз», — дейді алматылық туристер.

Биыл көл жағалауында электрмен қамтамасыз ету мәселесі шешімін тапты. Бескөлден Ақши ауылына дейін ұзындығы 56,7 шақырымды құрайтын жоғары кернеулі электр желісі мен жаңа қосалқы станса салынды. Маусым айынан бастап электр энергиясы үздіксіз беріліп келеді. Жағалау аумағы интернетпен қамтылған, 16 базалық станса жұмыс істеп тұр, сондай-ақ талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылды.

Жұмыс салалық министрліктермен үйлестіріле отырып жүргізілді. Жұмыс тобы құрамына енген барлық вице-министрлер өзінің жауапты бағыттары бойынша демалыс аймақтарына барып, жағдаймен танысты. Нәтижесінде вице-премьерге олардың қазіргі жағдайы мен қабылдануы тиіс қажетті шаралар туралы есеп берді.

«Біз уақытша шешім қабылдап отырған жоқпыз, ұзақ мерзімді, тұрақты жүйе қалыптастырып жатырмыз. Қазақстанның туристік аймақтары халықтың үмітін ақтап қана қоймай, жаңа стандарттарға сай болуы тиіс. Бұл тек туристер үшін емес, ең алдымен қазақстандықтардың өздері үшін маңызды. Барлық өңірлерге жасалған сапарлардың қорытындысы бойынша Үкімет деңгейінде жүйелі шешімдер қабылданып болады», — деді сөзін қорытындылаған Ермек Көшербаев.

ҚР Премьер-Министрінің ресми интернет ресурсы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ИТАЛИЯ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСУ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыс әкімдігінде Италия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Антонелло Де Риу мырзамен кездесті.



Бейбіт Исабаев италиялық меймандарды жылы шыраймен қарсы алып, Антонелло Де Риу мырзаны Қазақстандағы елшілік қызметінің басталуымен құттықтады. Сол сияқты шетелдік делегацияға Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары жайлы қысқаша айтып берді.

— Жалпы, өңірде бес стратегиялық бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде: агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, көлік және логистика, туризм, баламалы энергетика және өнеркәсіп, оның ішінде жер қойнауын пайдалану саласын дамыту. «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы табысты жұмыс істеп тұр. Бізде баламалы энергетиканы дамытуға қажетті табиғи алғышарттар – күн, жел және тау өзендерінің су ресурстары жеткілікті. Осыған байланысты жаңартылатын энергия көздері секторы біздің стратегиямыздың маңызды бөлігі саналады, — деген облыс әкімі италиялық серіктестермен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін білдірді. Сөзінің соңында өңірде инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық жағдай жасалғанын, соның ішінде оларға заң аясында қолдау мен сүйемелдеу жасалатынын айтты.

Өз кезегінде Антонелло Де Риу екі ел арасындағы өзара тиімді серіктестікті нығайтуға мүмкіндік беретін әлеуетті деген негізгі бағыттарды атап өтті.

— Біз Талдықорған қаласындағы индустриялық аймаққа қызығушылық танытып отырмыз. Алдағы уақытта әрбір италиялық кәсіпкер Қазақстаннан өзіне іскер серіктес таба алатындай арнайы платформа құрғымыз келеді. Сонымен қатар Италияның туризм саласында сапалы қызмет көрсететін мамандар даярлауда мол тәжірибесі бар, — деді Елші.

Іскерлік кездесуді қорытындылай келе, тараптар бұл кездесу түрлі сала-ларда екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңызды қадамы болатынына сенім білдірісті.

БІЛІМДІ ҰЛТ МАРКЕ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛИАЛЫНЫҢ КАМПУСЫ АШЫЛДЫ

Талдықорғандағы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Италияның Марке политехникалық университеті (Marche Polytechnic University) филиалының кампусы ресми түрде ашылды. Бұл шараға Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Италияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Антонелло Де Риу, сондай-ақ, италиялық және жергілікті ғалымдар, студенттер қатысты.



Марке политехникалық университетінің филиалы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы тапсырмасына сәйкес өңір ерекшелігін ескере отырып, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базасында ашылған болатын. Қазіргі таңда филиал «Агрономия» — «Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары» қосдипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізуде.

— Жетісу облысында шетелдік жоғары оқу орны филиалының ашылуы біздің жастарымыз үшін зор мүмкіндік, сонымен қатар өңіріміздің аграрлық секторын жаңа деңгейге көтеруге серпін беретін маңызды бастама. Жетісу — аграрлы аймақ болғандықтан, осы салаға жаңа инновациялар мен озық агротехнологияларды енгізетін мықты мамандар қажет. Бірлескен жобамыз өңірдің кадрлық әлеуетін арттырып, екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты одан әрі дамытуға үлкен үлес қосады деп сенемін, — деді Б. Исабаев. Бұл ретте «Агрономия» — Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары» қос дипломдық бағдарламасы бойынша облыс әкімдігі бастапқы кезеңде 14 білім беру грантын бөліп отыр.

Жиында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек құттықтау сөз сөйлеп, Қазақстанда ең мықты шетелдік университеттер филиалдарын ашудың маңызына тоқталды:

— Мәселен, бүгінде өңірлерде жылыжай шаруашылығы дамуда. Жылыжайлардың жоғары техникалық деңгейін қамтамасыз ететін, цифрлық платформаларын, жылыжайдың жалпы жұмысын жүргізетін мамандар керек. Сондықтан жуырда Талдықорғанға италиялық тағы алты білім профессор келеді, сөйтіп агрономия саласындағы бағдарламаны іске асырамыз. Алдағы уақытта мағи-

стратура, докторантура оқыту бағдарламасын іске қосу жоспарда бар, — деді министр.

Сол сияқты Италияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Антонелло Де Риу мырза да бұл бастама екі ел арасындағы білім-ғылым саласындағы байланыстарды нығайта түсетін маңызды қадам екенін жеткізді.

Мұнан соң ресми қонақтар кампустың ішін аралап, түрлі зертханалармен, дәріс аудиторияларымен танысты. Мұнда филиал қабырғасында жүргізіліп жатқан аграрлық саладағы бірқатар зерттеу жобалары таныстырылды.

Басқарма төрағасы - университет ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Бурибаевтың айтуынша, Марке политехникалық университетінің филиалында алдағы уақытта тағам инженериясы, туризм, экономика және цифрлық технологиялар бойынша білім беру бағдарламалары ашылатын болады. Қазіргі кезде Марке политехникалық университетінің қызметкерлері оқытушылық қызметке тартылып отыр. Шетелдік ғалымдар Sara Ruschioni «Agricultural entomology and zoology» (Ауыл шаруашылығы энтомология және зоологиясы), Luca Mazzoni «Fruticulture» (Жеміс шаруашылығы) бойынша дәріс оқып, алғашқы практикалық сабақтарын жүргізуде.

Мұнда білім алып, оқуды сәтті аяқтаған студенттерге ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары саласындағы бакалавр дәрежесін тағайындайтын италиялық және ауыл шаруашылығы саласындағы бакалавр дәрежесін тағайындайтын қазақстандық диплом беріледі. Сондай-ақ, түлектер бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге, халықаралық тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ

ТАЛАПКЕР – 2025

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Жоғары оқу орындарына құжат қабылдаудың басталуы және шекті баллдардың бекітілуі туралы. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі 2025–2026 оқу жылына еліміздің жоғары оқу орындарына құжат қабылдаудың басталуы жөнінде ақпарат ұсынады.

2025 жылғы 13-20 шілде аралығында талапкерлерден білім беру гранттары конкурсына, сондай-ақ ақылы негізде оқуға етініштер қабылданады. Құжаттарды eGov.kz порталы арқылы онлайн немесе университеттер жанындағы қабылдау орталықтары арқылы тапсыруға болады.

ҰБТ ШЕКТІ БАЛЛДАРЫ

Білім беру гранттары конкурсына қатысу және ақылы негізде оқуға түсу үшін ҰБТ нәтижелері бойынша келесі шекті баллдар белгіленген:

► «Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» бағыттары бойынша – кемінде 75 балл;

► «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» бағыты бой-

ынша – кемінде 70 балл;

► Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 65 балл;

► Басқа жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 50 балл;

► Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетіне түсу үшін – кемінде 50 балл.

Айта кету керек, жоғары оқу орындары білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу және ақылы негізде оқуға қабылдау үшін өз шекті баллдарын өздері белгілеуге құқылы.

2025 ЖЫЛҒЫ ҚАБЫЛДАУ НАУҚАНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

► 2025 жылы «Цифрлық универси-



тет» қағидатын іске асыру жалғасып жатыр: үдерістердің басым бөлігі автоматтандырылған, бұл конкурстық іріктеудің ашықтығын арттырады.

► Цифрлық экономикаға кадрлар даярлау аясында сұранысқа ие техникалық

және IT бағыттар бойынша қосымша гранттар бөлінді.

► Ауыл мектептерінің түлектері үшін квоталар қарастырылған.

► Әлеуметтік осал топтарға жататын талапкерлерді қолдау мемлекет пен мақсатты гранттар шеңберіндегі квоталар арқылы жүзеге асырылады.

Министрлік талапкерлерді электрондық сервистерді белсенді пайдалануға, сондай-ақ қабылдау ережелерімен, қажетті құжаттар тізімімен және құжат тапсыру мерзімдерімен мұқият танысуға шақырады.

Толығырақ ақпарат ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің және Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайттарында қолжетімді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет ресурсы

ЖЕТІСУДЫҢ МАҚТАНЫШЫ

«СЛАВЯН БАЗАРЫНЫҢ» ЖЕҢІМПАЗЫНА ҚҰРМЕТ

Беларусияның Витебск қаласында өткен эстрадалық әндердің «Славян базары» XXXIV халықаралық фестивалінің гран-при иегері атанған Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармонияның жеке дауыстағы әншісі Алмагүл Батталиеваны облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов құттықтап, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың атынан Құрмет грамотасын және ақшалай сертификат табыс етті.



Жетісу облысының делегациясы «Славян базары» фестивалінің бас жүлдегерін Алматыдағы әуежайдан қарсы алған болатын. Сол сияқты Талдықорғанның кіреберісінде де жетісулық әріптестері А. Батталиеваға құрмет көрсетіп, күтіп алды.

Облыс әкімдігінде жас әншіні қабылдаған Диас Есдәулетов қазақ өнерін насихаттауға қосқан үлесі үшін оған алғысын білдіріп, «Славян базары» фестивалі өткен жылдар ішінде қазақстандықтар бірнеше мәрте гран-при иеленіп, жүлдегерлер қатарынан көрінгенін атап өтті. Әншінің еңбегіне табыс тілеп, жеңісімен құттықтады.

Туған еліне қуанышпен оралған «Славян базарының» жеңімпазы А. Батталиева:

– Осы арманымға қол жеткізу үшін сегіз жыл еңбектендім. Менің бойымда жақсы қасиет көп, соның ішінде мақсатқа жетудегі табандылығым мені осындай биікке жеткізді. Әліге дейін жеңімпаз болғанымға сене алмай тұрмын. Маған қолдау білдірген облыс әкімдігіне, мәдениет басқармасының басшылығына, Дәнеш Рақышев атындағы өзімнің сүйікті филармониямның ұжымына алғысымды білдіремін. Әсіресе, ұстазым Меруерт Мүсірәліге көп рахмет. Ол мені ұзақ жылдар бойы осындай музыкалық сайыстарға дайындап, баптады. Теледидар арқылы қолдау көрсеткен туған-туыстарыма, жақындарыма, әсіресе «Бозторғай» қоғамдық қорының басшылығына айтар алғысым зор, – деді.

Сондай-ақ ол алдағы күндерде магистратураға грантқа түсуге талап-танып көретінін айтты.

Облыс әкімдігінде өткен салтанатты шарадан кейін «Славян базары – 2025» байқауының жеңімпазы мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменовтің қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Жалпы Алмагүл Батталиеваның Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармониясында жеке дауыстағы әнші болып жұмыс істеп жүргеніне үш жыл болды. Ол бұған дейін де бірнеше республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты атанған.

Атап өтсек, ол 2015 жылы П.Чайковский атындағы музыка колледжінде, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында білім алған. Сонымен қатар Алмагүл бірнеше аспапты – аккордеон, фортепиано және укулелены еркін меңгерген.

Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ДОСТЫҚ МУРАЛЫ

Жетісу облысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арнап мурал салынды. Талдықорған қаласындағы көп қабатты үйлердің бірінің қабырғасына салынған бұл сурет Ассамблеяның ел бірлігін, татулық пен тұрақтылықты сақтаудағы рөлін айшықтап тұр.

Бұл теңдесіз арт-нысан – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына арналған, еліміздегі этностардың татулығын, достығын және мәдени ортасын бейнелейтін ерекше көркем туынды. Суретте түрлі этнос өкілдері, ұлттық ою-өрнек, достықты білдіретін символдар мен Ассамблеяның мерейтойына қатысты элементтер көрініс тапқан. Муралды жас қазақстандық суретшілер тобы бірлесіп салды. Жобаның идеясы мен көркемдік тұжырымдамасы Жетісу облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы мен жергілікті шығармашылық ұйымдардың қолдауымен жүзеге асырылды.

– Жетісу облысында «Бірлік пен келісімнің 30 жылы» ұранымен мерейтойлық дата аясында сан түрлі іс-шара өткізілуде. Мурал – облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің бастамасымен салынды. Қабырға суретінде түрлі этностың ортақ болашағы, ұлттық құндылықтарды біріктіретін бейнелер қамтылған. Әр элемент – халқымыздың ортақ тарихы мен мәдениетіне көрсетілген құрмет, – дейді Жетісу облысының «Қоғамдық келісім» КМК басшысы Еркебұлан Ақболатов.

Мурал салынған «Қаратал» шағын ауданы, 18/2-үйдің тұрғыны Олеся Алахвердиева да пікірін білдірді:

– Мұндай арт-нысандар қаламызды көркейтті

ҰРПАҚ ҚАМЫ

МЕКТЕПТЕРГЕ ЖАҢА АВТОБУСТАР БЕРІЛДІ



Жетісу облысының шалғай ауылдарындағы мектептерге 8 жаңа автобус берілді. Бұл жаңа көліктер оқушыларды тасымалдаудың қолайлылығын қамтамасыз ететін болады.

Атап айтқанда, Ескелді ауданының Бақтыбай және Алдабергенов ауылдарына, Қаратал ауданының Көкпекті, Кербұлақ ауданының Шанхай, Сарыбұлақ, Сарыөзек ауылдарына, Көксу ауданының Балпық би ауылына, Сарқан ауданының Черкасск ауылына мектептерге автобу-



қана қоймай, терең мағыналы ойды жеткізетіні қуантады. Сондықтан оларды өте маңызды деп есептеймін. Әрі көз қуантады, әрі халқымыздың сан алуан мәдениетке бай екенін, бейбітшілік пен достықтың, бірлік пен татулықтың құндылығы қаншалықты жоғары екенін айшықтап тұр, – деді ол.

Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ

стар кілтін облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов салтанатты түрде табыстады. Ол өз сөзінде балалардың білімге қолжетімділігін арттыру басты міндет екенін тілге тиек етіп, жаңа автобустармен қамту балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам екенін атап өтті.

– Біздің мектепте 122 оқушы бар, соның 15-і Аққайың ауылынан келіп оқиды. Бұған дейін оқушыларды тасымалдайтын ескі автобусымыз болған. Енді оның орнына жаңа, заманауи, қолайлы автобус берілді. Бұл жайылық қана емес, балалардың қауіпсіздігі үшін де маңызды, – деп атап өтті Черкасск орта мектебінің директоры Бауыржан Ибраимов.

Бұл автобустар отандық өндіруші «Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС зауытында жасап шығарылған. Автобустарда қауіпсіздік белдіктері, ауа салқындату жүйесі, дыбыс зорайтқыш, сигнал түймесі бар. Сол сияқты дәрі қобдшасымен, өрт сөндіргіш және авариялық белгілермен жабдықталған.

Жалпы Жетісу облысының мектептерінде 94 автобус оқушылар тасымалына қызмет көрсетеді. Бұл автобустармен 87 елді мекеннің 2513 оқушысы тасымалданады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ВОДНЫЙ РЕСУРС И ИРРИГАЦИЯ ОРОШАЕМАЯ ВОДА ПОДАЕТСЯ В СООТВЕТСТВИИ С ЗАЯВКАМИ

Сообщая о прохождении вегетационного периода в области Жетісу, директор филиала РГП «Казводхоз» Комитета водного хозяйства Министерства водных ресурсов и ирригации Саят Кудайбергенов отметил, что ими ведется ежедневный мониторинг за объемом воды в водохранилищах региона. Встреча руководителя ведомства с представителями СМИ прошла на площадке Дома журналистов имени Б. Куранбека.



По его словам, данные мониторинга ежедневно передаются в центральный аппарат, органы ЧС и Балхаш-Алакольскую бассейновую инспекцию (БАБИ). Режим работы водохранилищ Акешки, Алмалы и Ащыбулак согласован с БАБИ и утвержден Комитетом водного хозяйства, режим работы водохранилища Кызылагаш согласован с ТОО «Институт Казгипроводхоз».

– Ежегодно нашим филиалом направляются письма в акиматы районов и управление сельского хозяйства о проведении разъяснительных работ с сельхозтоваропроизводителями о необходимости рационального использования поливной воды, сокращении посева монокультур, применении водосберегающих технологий и по возможности соблюдении севооборота сельскохозяйственных культур. Также при посеве сельхозкультур просим согласовывать их размещение с районными производственными участками филиала. Так, на текущий год план водопользования на услуги по транспортировке поливной воды на основании предполагаемых размещений сельхозкультур на площади орошения 116 074 га в разрезе производственных участков составляет 918798,3 тыс. м³, – пояснил Саят Кудайбергенов.

На сегодняшний день заключено 7330 договоров с сельхозтоваропроизводителями на услуги по подаче поливной воды, с объемом водоподдачи – 931 011,7 тыс. м³, на площади орошения – 113 666,2 га. Фактический объем водоподдачи составляет 437853,2 тыс. м³, политая площадь – 92 998,4 га, влагозарядковый полив – 17 040,2 га.

– На всех производственных участках орошаемая вода подается в соответствии с заявками водопотребителей. Вегетация проходит в штатном режиме, – подчеркнул спикер.

Кроме этого, Саят Кудайбергенов отметил, что в целях центрального управления водных ресурсов Аксуского, Алакольского и Сарканского районов стоит вопрос о передаче имущества из коммунальной собственности в республиканскую собственность, то есть передача ирригационных сетей ГКПВХ «Сарканирригация» на баланс филиала Жетісу РГП «Казводхоз».

И так как водоисточники региона зависят от снежных запасов и таяния ледников, отчего уровень воды в реках не является стабильным, то в области предусмотрены вопросы строительства новых водохозяйственных объектов, принятия мер по восстановлению и реконструкции ирригационных сетей. Водохранилища будут построены в Аксуском, Ескельдинском, Панфиловском (3), Алакольском и Коксуском районах.

– Министерством водных ресурсов и ирригаций и акиматом области Жетісу в 2023 году был разработан комплексный план по восстановлению оросительных систем региона. Одним из направлений было предусмотрено строительство новых водохранилищ. Рассмотрено выделение финансирования из республиканского и местного бюджетов для разработки ПСД и реализации СМР. В настоящее время ведутся работы по разработке ТЭО за счет средств местного исполнительного органа, где необходимо определить источник финансирования для разработки ПСД с реализацией СМР, – добавил руководитель филиала.

Отвечая на вопросы журналистов, Саят Кудайбергенов отметил, что большое внимание в области уделяется влагосберегающим технологиям. И если субсидии на арычный полив доходят до 40%, то на использование влагосберегающих технологий вместе с оборудованием – до 60-80%.

Говоря о вошедшем недавно в силу Водном кодексе, спикер поделился радостью, что теперь больше внимания будет уделено подготовке кадров водной сферы в связи с их дефицитом. Уже в этом году в колледже Коксуского района будут открыты 2 группы на 50 человек. И если в прошлом году заработная плата работников сферы была поднята на 25%, то в текущем 25 тысячам работников ее повысят еще на 25-50%.

В целом, директор филиала РГП «Казводхоз» призвал всех смотреть на воду как на богатство и экономить ее.

ВЫСТАВКА ОСОП МАМИНА СМЕТАНА, БАБУШКИН АЙРАН

На днях в здании Палаты предпринимателей области Жетісу прошла выставка продукции местных товаропроизводителей в рамках проекта «Одно село – один продукт», направленного на поиск уникальной продукции в регионе, стимул для развития производства местных товаров и услуг, объединения производителей, использующих только местное сырье.

К участию в выставке подали 36 заявок от жителей из всех районов и городов области.

Гостям мероприятия, в числе которых присутствовала делегация во главе с заместителем акима области Асетом Канатавым и председателем областного маслихата Гульнар Тойлыбаевой, представлена широкая линейка продукции: одежда и украшения, изделия ручной работы из кожи и войлока, товары из дерева, различные продукты питания и многое другое.

Особенно привлекла депутатов и других присутствующих молочная продукция Татьяны Юрчук из Кербулакского района. Все на миг вернулись в детство, вспомнив, что их бабушки и мамы готовили именно такие вкусные сметану и айран. Ожидания превзошли и все виды сыров, представленных в широком ассортименте: сулугуни, брынза, фета, моцарела, буррата, качотта, белпер кнолле. От дегустаторов, а потом от покупателей просто не было отбоя.

Как призналась сама Татьяна, производством перечисленной продукции она занимается всего год.

– Началось с того, что мне захотелось кушать домашний творог, покупной не нравится. Уговорила мужа купить сепаратор. И стали делать масло, сметану, творог, все вкусно. Потом захотелось сыра. Начала с простого адыгейского, дальше больше. Стала учиться онлайн, потом съездила на курсы, которые проходят офлайн, вот и развиваюсь самостоятельно. Все варится в домашних условиях, в кастрюльках

на кухне. Молоко покупаем у себя в селе Аралтобе. На данную выставку меня пригласили, не думала, что сюда попаду, для меня это новый этап, новый скачок, – рассказала участница, впервые попавшая на выставку ОСОП.

Приветствуя участников и гостей мероприятия после знакомства с представленной продукцией, зам-акима Асет Канатагов подчеркнул, что в регионе много одаренных предпринимателей, работающих в различных направлениях, и пожелал им расширения деятельности и успехов. Также выразил надежду,

что Палата предпринимателей «Атамекен» продолжит поддерживать их и вносить на уровне руководства области предложения по поводу выделения грантов и кредитов с низкой процентной ставкой.

В свою очередь директор региональной Палаты предпринимателей Даурен Оналбаев отметил, что одной из ключевых форм финансовой поддержки финалистов проекта «Одно село – один продукт» являются безвозмездные гранты и льготные кредитные программы. На сегодняшний день 13 предпринимателей стали обладателями государственных грантов до 5 млн тенге, 4 участницы получили гранты в рамках программы «Бастау Бизнес», 3 участника успешно прошли отбор и получили финансирование по гранту Coca-Cola Belesteri, 2 финалиста получили льготное кредитование по программе «Ауыл Аманаты».

– Эти результаты подтверждают, что проект ОСОП не только стимулирует развитие сельского бизнеса, но и открывает доступ к реальным финансовым инструментам поддержки. Мы благодарим всех партнеров, экспертов, а главное – самих участников, которые доказали, что в селе можно и нужно создавать конкурентоспособный продукт. Пусть эта выставка станет очередным шагом к росту, сотрудничеству и расширению горизонтов! – сказал Даурен Оналбаев.

Проекты участников оценивала рабочая группа, в которую вошли представители региональной Палаты предпринимателей, государственных органов, общественных объединений. По итогам отбора жюри определило 10 лучших участников, которые будут презентовать свой проект перед Бренд-Комитетом.



ОПРЕДЕЛЕНА ПОБЕДИТЕЛИ РЕГИОНАЛЬНОГО КОНКУРСА «КӘСІБИ МАМАН»



В наше время, когда потребность в специалистах рабочих профессий становится все более ощутимой, особенно важно развивать партнерство между бизнесом и образованием, продвигать наставничество и повышать престиж практикоориентированного обучения.

В связи с этим, в рамках Года рабочих профессий, Национальной палатой предпринимателей организован конкурс «Кәсіби маман» среди организаций технического образования, предприятий, наставников и участников Дорожной карты дуального обучения.

Его основной задачей является распространение эффективного инновационного опыта деятельности колледжей, установление тесного партнерства с работодателями, подготовка кадров в соответствии с запросами

работодателей через дуальную форму обучения.

Конкурс проходит в 2 этапа: отборочный и республиканский. Организации участвуют в конкурсе по следующим номинациям: лучшее предприятие-участник подготовки кадров, лучший колледж по подготовке рабочих кадров и лучший наставник производства.

Для участия в региональном конкурсе подали заявки 15 конкурсантов, из них 2 предприятия, 8 колледжей, 5 наставников, и на сегодня победители определены.

Так, лучшим предприятием-участником подготовки кадров стало ТОО «ТК Метакон» - крупный производитель специализированных и строительных металлоконструкций, материалов для нужд электросетевого строительства. Предприятие активно участвует в дуальной системе, предоставляет возможности для производственной практики и реализует политику наставничества, инвестируя в подготовку будущих специалистов.


Лучший колледж по подготовке рабочих кадров - ГКП на ПХВ «Талдыкорганский высший аграрно-технологический колледж» - один из ведущих колледжей города Талдыкоргана по подготовке специалистов в сфере ветеринарии, технологии пищевых продуктов, бухгалтерии и экологии. Колледж активно внедряет дуальное обучение, ориентирован на практику и тесно сотрудничает с бизнесом. Благодаря такой системной работе учебное заведение и стало заслуженным победителем.

Лучшим наставником производства определена Софья Джахвалиева - управляющий директор кулинарии ИП «Хакимова И.А.» «Fortuna Food Chaki-Chak», которая более 7 лет работает со студентами. Она сопровождает их на всех этапах практики, разрабатывает образовательные программы и участвует в подготовке студентов к чемпионатам WorldSkills.

Поздравляем победителей!

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-МАУСЫМ АЙЫНА
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Күн тәртібіне енгізілген «Қаланы дамыту Бас жоспарының жобасын (негізгі ережелерін қоса алғанда) мақұлдау туралы» мәселені талқылауға Жетісу облыстық және Талдықорған қалалық мәслихаттарының депутаттары, жергілікті атқарушы орган өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің белсенділері, ардагерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты. Басқосу ашық түрде өтті, оған қалалық мәслихаттың депутаты Серік Жансеңгіров төрағалық етті. Бас жоспар жобасы бойынша Жетісу облысы Сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сабыржан Мекебекұлы және Талдықорған қаласының Бас жоспарының авторы Көкен Кенжебайұлы баяндап, жиналған көпшілікті таныстырды.

Талдықорған қаласында жылдан-жылға халық саны көбейген сайын, сұраныс та, талап та күшейе түсуде. Облыс, қала басшылары осыны ескеріп, 2024 жылы Талдықорғанның Бас жоспарын әзірлеуге тендер жариялап, оны «АТС Град» ЖШС ұтып алған болатын.

Атырау, Жетісу, Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан т.б үлкен облыстардың Бас жоспарын әзірлеп, мол тәжірибе жинақтаған «АТС Град» ЖШС 2024 жылдан бері Талдықорған, Қонаев қаласы мен Алматы қаласының шетіндегі үлкен елді мекендердің Бас жоспарын әзірлеуге қатысуда. «АТС Град» ЖШС-нің бас сәулетшісі, Талдықорған қаласының Бас жоспарының авторы Көкен Кенжебайұлының айтуынша, мекеме 18 жыл бойы нарықта қызмет көрсетіп келеді. Талдықорған қаласының Бас жоспарына жарияланған ашық тендерге қатысып, ресми түрде жерұйықты өлкенің бас қаласының Бас жоспарын әзірлеу тапсырмасын алған соң жобалаушылар бірден іске кірісіп, еңбектерін қоғамдық тыңдау барысында халық назарына бірнеше қайтара ұсынған. Бас жоспар - Талдықорған қаласы мен қалаға қарасты 2 ауылдық округті және шаһардың территориясындағы барлық саяжай қоғамдастықтарын ескере отырып әзірленген.

Рүстем БЕРШІНБЕКОВ,
Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары:

— Бүгін өздеріңіз куә болғандай, Талдықорған қаласының Бас жоспарының жобасын талқылауды Талдықорған қалалық мәслихатының тұрақты комиссиясының назарына ұсынып отырмыз. Бас жоспар жобасы бұған дейін арнайы сараптамадан өтті. Қалалық мәслихаттың қорытындысы шығарылған соң

БАС ЖОСПАРДЫҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

16 шілде күні Мәдениет үйінде Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының басқосуы өтті.

облыстық мәслихатта қаралады. Облыстық мәслихаттың қорытындысынан кейін Бас жоспар жобасы Үкіметке жолданып, қаулы қабылданған соң, шамамен жылдың аяғына дейін қолданысқа еніп қалар деп үміттенеміз. Басты өзгерістер қаламыздың даму қарқынына байланысты енгізілді. Инфрақұрылымы, көлік-логистикасы, жолдар, шеткі аймақтарда орналасқан 12 саяжай қоғамдастықтарын қаланың аумағына енгізу т.б қамтылды. Сонымен қатар мектептер, балабақшалар, әлеуметтік нысандар саны көбейетін болады.

Ерұлан КӨКЕН,
Талдықорған қаласының Бас жоспарының авторы:

— Назарларыңызға ұсынып отырған Бас жоспарда, қолданыстағы сыртқы көлік инфрақұрылымын (Өскемен-Алматы тас жолы) басты жоспарлау кіндігі (осі) ретінде пайдалана отырып, авто және темір жолмен біріктірілген көлік торабын енгізіп, көлік-логистикалық орталықты қарастырдық.



Осы сыртқы көлік инфрақұрылымын пайдалана отырып, халыққа қызмет көрсететін шағын және орта бизнесті, туризмді, ауылшаруашылық құрылымдарын дамытуға т.б қаланың қауіпсіздігін жетілдіруге қатысты табиғи кедергілерді көпірлер, жол өтпелерін салу арқылы жаңғыртуға, кеңейтуге, қайта құрылымдауға баса назар аудардық. Негізгі көшелерді қайта жаңғырту, жасыл аумақтарды қайта құру мен абаттандыру ісі де назарға алынды. Табиғи рельефі бар тау бөктеріндегі аймақты рекреациялық насындарды құруға пайдаландық. Олардың ішінде: тау соқпақтары арқылы жаяу жүргінші, велосипед жолдары, экстремалды спорт түрлеріне арналған алаңдар, демалыс орындары, жағажай аймақтары, серуендеу жағалаулары мен саябақтар, су спортын дамытуға арналған нысандар құрылысы түгелдей ескерілген. Әкімшілік шекарасы 38 мың 676 гектар аумақты құрайтын әсем қаланың тұрғындары өмір сүруге оңтайлы жағдайларды толықтай ескердік. Талдықорғандықтардың сын-ескертпелері назарға алынып, Бас жоспарға бірнеше рет өзгерістер енгізілдік.

Темірболат АХАЖАН,
Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы:
— Қаланың Бас жоспары өте маңызды құжат. Сондықтан да халық қалаулылары оған үлкен жауапкершілікпен қарап, тұрақты комиссия басқосында талқылап, қолдауларын білдірді. Талдықорғанның болашағы үшін жасалып жатқан жұмыстар жақсы нәтижесін беріп, мәртебесі биіктей береді деп сенемін.

Талқылау барысында қатысушылар тарапынан бірқатар өзекті сұрақтар қойылып, жобаның негіздемесіне қатысты нақты түсініктемелер беру сұралды. Комиссия басқосуы нәтижесінде ұсыныстар жинақталып, тиісті қаулы қабылданды.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

ҚАЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ
ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

17 шілде күні Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының қатысуымен көшпелі іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара аясында депутаттар қаланың бірнеше аумағында жүргізіліп жатқан жол жөндеу және абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты. Атап айтқанда, «Жастар-2», 3-бөлімше, «Шығыс» және

«Көктал» шағын аудандары, 8 және 9 ықшам аудандар, сондай-ақ Рүстембеков, Гагарин көшелері мен «Қызылтас» саяжайы нысандарына барды.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЕҢБЕК МАЙТАЛМАНЫ



Жұмысшы мамандықтарының жылы – ел экономикасының негізін құрайтын қарапайым еңбек адамдарының қадірін арттыруға бағытталған маңызды бастама. Осы орайда, қоғам тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген майталман мамандарды дәріптеу ортақ парызымыз. Солардың бірі – Бұғайбаев Бейсенғали Нұржапарұлы.

Ол Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылында тұратын, ширек ғасырлық тәжірибесі бар теміржол монтері.

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында еңбек жағдайы ауыр, зиянды және қауіпті салаларда жұмыс істейтін азаматтарға ерте зейнетке шығу құқығы қарастырылуда. Осы тұста кейіпкеріміз де 55 жасқа толып, зейнеткерлік демалысқа шығуға дайындалып отыр.

Бейсенғали Нұржапарұлының еңбек жолы – бүгінгі жас буын үшін үлгі тұтарлық өмір мектебі.

Теміржолшы мамандығы – күн-түн демей, ауа райына қарамай, сапалы әрі қауіпсіз қатынасты қамтамасыз ететін жауапты жұмыс. Кейіпкеріміз өз еңбек жолын монтерші ретінде бастап, кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігінің арқасында бригадир қызметін де атқарған.

25 жыл бойы теміржол желісінің бұзылмауын, күтімі мен уақытылы жөнделуін қамтамасыз ету оның басты міндеті болды. Аязды күнде де, аптап ыстықта да Бейсенғали Нұржапарұлы өз міндетіне адалдық танытып, ешқашан еңбек тәртібін бұзған емес.

«Біздің жұмыс – теміржолдағы қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету. Негізгі міндетіміз теміржол төсемін, рельстер мен жолда жатқан шпалдарды уақытылы тексеріп, ақауларды жою. Себебі пойыздың қозғалысы сол жолдың сапасына тікелей байланысты. Ең бастысы жұмысты жүрекпен істеу керек. Мұнда көпшілігі байқамайтын физикалық ауырлық та бар. Әрбір еңбек – абырой. Теміржолда тәртіп пен жауапкершілік жоғары, бірақ сонымен бірге мамандықтың да қадірі бар», - дейді ол.

Еңбекте де, отбасында да үлгі бола білген ол бір ұл мен бір қыздың әкесі, жанұясына адал жар, ұрпағына тәрбиеші. Балаларына еңбек пен тәртіптің, қарапайымдылық пен адалдықтың не екенін өз өмір жолымен үйретіп келеді. Ол жылдар бойы көрсеткен адал еңбегі үшін бірнеше мәрте салалық марапаттармен және алғыс хаттармен марапатталған. Әріптестері оны еңбекқор, ұстамды, тәртіпті маман ретінде ерекше құрметтейді.

Жұмысшы мамандықтарының беделі артып, ел ішінде кең насихатталуы – дәл осындай адамдардың арқасында. Теміржол желісімен қатар ел сенімін де арқаалаған жолы шын мәнінде қадірлі жол.

Еңбек адамы – елдің арқа тұтар тірегі. Жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруға бағытталған бастамалар аясында өңіріміздегі осындай тұлғалар туралы жазуды жалғастырамыз.

Арай НҰР

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

«ЖАСТАР FEST» ФЕСТИВАЛІНЕ
10 МЫҢНАН АСА АДАМ ЖИНАЛДЫ

Талдықорған қаласының жағажайында кең ауқымда ұйымдастырылған «Жастар Fest» жазғы фестиваліне 10 мыңнан астам қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.



Фестивальдің басты мақсаты – жастардың белсенділігін арттырып, бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беру, салауатты өмір салтын, шығармашылық пен бірлікті насихаттау.

Көпшіліктің көңілінен шыққан су шашу ойыны мен үздік бишілер бақ сынаған «Show Battle» би сайысы көштің көркін аша түсті. Бұл шара жастардың қабілеттерін көрсетіп, позитивке толы ортада еркін әрекет етуіне жағдай жасады.

Кештің шарықтау шегінде елімізге танымал DJ FIZZ сахна төріне шығып, әуезді әуендерімен көрермендерді тәнті етті. Көңіл көтерген жұрт түрлі түсті бояуға оранып, әсем ырғаққа билеп, ерекше әсер алды.

Аружан СӨКЕНҚЫЗЫ, қала тұрғыны:

– Мұндай шаралар бізге ерекше рух береді. Жастардың бір орында отырмай, дамуына, ой бөлісуіне, серіктестік орнатуына үлкен мүмкіндік. Қалада осындай ірі іс-шаралар жиі өтіп тұрса екен, – деп өз қуанышын жеткізді.

Самат БОЛАТҰЛЫ, қонақ:

– Жаздың жайлы күндерін өткізу үшін Астана қаласынан отбасымызбен қыдырып келдік. Талдықорғанның әсемдігіне таңдай қағып, бүгін міне жағажайда демалысымызды жалғастырып жатырмыз. Өте көңілді. Балаларымыз да мәз болып жүр. Біз сайыстарына қатыстық. Қала басшылары жастар үшін барлық жағдайды жасап жатыр екен, көңіл қуантады. Алдағы аптаға да көптеген мәдени шаралар жоспарланыпты. Оған да қатысымыз келеді. Талдықорғандықтарға сәттілік тілеймін!

Әсем сәттерге толы «Жастар Fest» фестивалі осы жаздың ең жарқын оқиғасына айналды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП-ӨМІР САЛТЫ


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экологиялық бастамаларды қолдай отырып, тазалықтың мәні мен мағынасы туралы ой бөлісіп, адамның адами қасиетін, қоршаған ортаның тазалығын сақтау әр азаматтың мәдениетінің көрсеткіші деп баға берген егі.

«Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен қаладан басталуы керек. Өйткені, «Таза Қазақстан», бұл-бір күндік науқан емес. Бұл-біздің өмір салтымыз. Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған ортаны қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау-өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп-дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі», - деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Жетісудың орталығы әсем қаламызда атқарылып жатқан шаруалар ауыз толтырып айтарлықтай. Ерте көктемнен бастап аумақтарды тазалау, ағаш егу, тал-теректерді ретке келтіру, қаланы қақ жарып өтетін Қаратал өзенінің жағалауын тазалау, көшелерді қоқыстан арылту жұмыстары жүргізілді. Көгалдандыру ісі қатар атқарылып, саябақтар мен скверлерге, аллеяларға, орталық көшелердің жол жағалауына егілген

Бақыт МҰРАТОВ, жұмысшы:

– Президентіміздің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасын қолдаймыз. «Жастар» саябағында 15-17 адам қызмет атқарамыз. Қазір шөп шабудамыз. Тазалыққа жауап беретін, гүлдерді баптайтын азаматтар да өз істерін ұқыпты жүргізуде. 2017-ші жылы жолдасым екеуміз балаларымыздың болашағы үшін облыс орталығына қоныс аударуды шешкен едік. Үй алып, көшіп келген соң әртүрлі салада жұмыс істеуге тура келді. 7 жыл бұрын осы саябаққа жұмысшы болып орналастым. Жұмыстың жаманы жоқ. Керісінше, қаламыздың әсем демалыс аймағын көріктендіруге үлес қосып жатқанымды мақтан тұтамын. Тазалық – әркімнің өзінен, отбасынан бастау алады. Үлкендер жағы үйдегі балаларына, немерелеріне оның маңыздылығын түсіндіріп, тәтті кәмпіт оралған қағаздың өзін қоқыс жәшігіне тастамай, көрінген жерге лақтыра салса айналаның тазалығына нұқсан келтіретінін санасына сіңіре беруі керек. Кейде қарап отырсаң, әдемі өсіп тұрған гүлді жұлып алып бір иіскеп, лақтыра салатындар да бар. Ал, сол гүлді өсіруге қаншама адам тер төкті, оған бас қатырып жатқан ешкім жоқ. Сол сияқты осы қаланың көркіне көрік қосылуы үшін отырғызылып жатқан ағаш көшеттерін қалай болса солай сындыра салатын жасөспірімдер де бар. Ол да үйдегі тәрбиенің кемшін түсіп жатқанынан деп ойлаймын. Тазалықты сақтау, «Бір тал кессең, он тал ек!» - деп балаларымыз айтып кеткендей, айналыны көгалдандыру өз қолымызда.



Бақыт ТОҒЫЗБАЙ, жұмысшы:

– «Жастар» саябағында жұмыс істеп жатқанымызға 5 жыл болды. Қытайдан Қазақстанға осыдан 16 жыл бұрын қоныс аударғанбыз. Жолдасым екеуміз «Жастар» саябағына Талдықорған қалалық жұмыспен қамту мекемесі арқылы орналастық. Жасып бағдарламаға үлес қосып жүрміз. Еңбекақымызды уақытында аламыз. Биыл жалақымыз біраз көтерілді. Басшылыққа көп рақмет айтамыз. Балаларымыз да мамандықтарына байланысты кәсіптерімен айналысуда. Кәсіптің үлкен, кішісі жоқ. Екі қолға ұстайтын күрек болса, қазатын жер табылады демекші, еңбектену керек. Бүгінгі таңда қаламызда тұрғын үйлер көптеп салынып, айналасы, ауласы абаттандырылып жатыр. Ол жұмыстар адам қолымен жасалады ғой. Сондықтан да «жұмыс жоқ», «жұмыссызбын» деп үйде отыру ешкімге жараспас. Әр азамат ел Тәуелсіздігінің іргетасын қалауға атсалысып жүргенін ұмытпауы керек.

Президентіміз айтқандай, туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап бермесі анық. Әділетті мемлекет болуы үшін заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құруда жүргізіліп жатқан реформалар өскелең ұрпақ пен өзіміз үшін жасалап жатқанын естен шығармағанымыз дұрыс-ау.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН


МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ – ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ

Қарапайым информатика пәнінен басталып, шығармашылық пен технология тоғысқан сабақтарға ұласатын ерекше бір сынып бар. Бұл – Талдықорғандағы Қ.Қасымов атындағы №28 IT мектеп-лицейінің мұғалімі Мәулен Қалиевтің кабинеті.

Мәулен мырза – бүгінгі мектептің бет-бейнесін өзгертетін жаңа толқын ұстаздарының бірі. Сабақ кезінде оқушылар қол көтеріп жауап беріп қана қоймайды – олар ойлайды, салыстырады, талдайды және цифрлық ортада еркін жұмыс істейді. Оның басты құпиясы – TorIQ платформасы. Бұл жай ғана платформа емес, әр оқушының мүмкіндігін ашуға көмектесетін, мұғалімнің шығармашылығын толықтыратын нағыз «ақылды көмекші». Сабақ жо-спары, тапсырмалар, сараланған бағалау – бәрі бір жерде. Ең бастысы – бұл құрал Мәуленнің өз идеяларын жүзеге асыруына кедергі емес, керісінше серіктес.

– Балалармен бірге үйрену, бірге таңқалу – ең керемет нәрсе. Цифрлық құралдар менің сабағымды түрлендіріп қана қоймай, балалардың өз-өзіне деген сенімін арттырады, – дейді ұстаз.

Мәулен Қалиев тек пән мұғалімі емес – мектептің



белсенді тұлғасы. «Екі жүлдіз» ән байқауында жүлдегер атануы оның өнерге де жақын екенін көрсетсе, робототехникадан облыстық 3-орын алған оқушылары – ғылым мен технологияға деген ынтаны ояту жолындағы еңбегінің дәлелі.

Ол үшін мұғалім болу – жай мамандық емес. Бұл – шабыт беру миссиясы. Жаңашылдық, технология, өнер мен ғылым – бәрі бір адамның бойынан табылып тұрса, мектеп өмірі де жанданады.

Өз тілшіміз



Ақшабай КЕРІМБЕКОВ,
Талдықорған қалалық ардагерлер
кеңесінің төрағасы:



- Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі 2019 жылдан бері қала әкімінің қолдауымен өнегелі ісімен халқының жүрегіне жол таба білген танымал тұлғаларға арнап, тұрған үйлеріне естелік тақта орнатып келеді. Бұл шара осы жылдар ішінде салт-дәстүрге айналғандай. Еңбегі сіңген ғұлама тұлғаларды ұмытуға болмайды. Олардың есімін жаңғыртып, өскелең ұрпаққа үлгі етуді мақсат тұтқан игі іс жалғасады. Оған лайықты азаматтарымыз жеткілікті. Өздеріңізге белгілі, Нұрмолда Алдабергеновке арнап ескерткіш қойылды. Жуырда «Батырлар аллеясын» құру туралы ұсынысымызды әзірлеп, әкімдікке тапсырдық. Жүзеге асады деген ойдамыз. Міне бүгін танымал тұлғамыз Тұрлыхан Кәрімге арнап естелік тақта ашып жатырмыз. Қаламгердің өнегелі өмірі ұрпақтан ұрпаққа жетеді деген ойдамыз, - деді.

Тұрлыхан Кәрім 1955 жылы Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика, Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының құқытану факультетін тәмамдаған. Аудандық «Балқаш өңірі», облыстық «Жерұйық» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болды. 1992 жылдың қымбатшылығына қарамастан Талдықорған қаласының әкімшілігі, халық депутаттары қалалық кеңесінің құрылтайшылығымен Тұрлыхан ағамыздың басшылығымен тәуелсіздіктің тумасындай «Талдықорған» газетінің алғашқы саны жарыққа шықты. Қалалық білім беру басқармасы ақпарат-әдістемелік орталығының директоры қызметтерін атқарған. Соңғы жылдары «Жетісу» әлеуметтік-гуманитарлық колледжінде, Жетісу мемлекеттік университетінде оқытушы болған. «Жалын» баспасынан шыққан «Жетісу жауқазындары», «Күлкі қоржыны» жинақтарынан әзіл-сықақ әңгімелерімен көрініп, кейіннен «Құбыжық», «Күлдіргім келіп тұрады», «Есімде әлі сол күндер», «Еркек қалай күн көрер?...», «Махаббат оты сөнбейді...», «Қас қағым сәт», «Ақшатаудан Алатауға дейін» кітаптарының авторы ретінде оқырман жүрегінен жол тапты.

«Ең үздік сатира» номинациясы бойынша облыстық Тіл басқармасы конкурсының 1-дәрежелі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат

ТАҒЗЫМ

ТҰРЛЫХАН КӘРІМГЕ

АРНАП МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Белгілі сатирик, жазушы, «Талдықорған» газетінің тұңғыш бас редакторы – Тұрлыхан Кәрім арамызда болғанда 15-ші шілде күні 70 жасқа толар еді. Әзіл, сықақ, мысқыл әжуаның қыр-сырын меңгерген қарымды қаламгердің туған күнінде Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілдің қолдауымен, Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымтқы болуымен жазушының тұрған үйіне естелік тақта орнатылды. Салтанатты шараға қаламыздың танымал тұлғалары, ардагерлер, әріптестері, шәкірттері, отбасы, үй тұрғындары қатысты. Жиынды Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақшабай Керімбеков ашты.



министрлігі Тіл комитеті конкурсының 2-дәрежелі дипломанты атанған. Бүкілодақтық және республикалық сатириктер, халық шығармашылығы байқауының лауреаты. Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағының, Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі болды. Қағытпа қалжыңы мен әсерлі әзілге бейім тұратын қаламгердің әр туындысы адам жанын жадыратып, Отанға, туған жерге, ата-анаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсетін. Арнаулары, жақсы адамдармен жүздесу жайлы естеліктері көңілге қонымды болатын.

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
Одағының Жетісу облысы
бойынша өкілі:



- Көп жылдар Тұрлыхан ағамен сапарлас болдық. Әдеби шаралардан қалдырмауға тырыстық. Ағамыз ортамыздан ерте кетті. Шығыста туса да Жетісудың төрінде аты қалып жатыр. Рухы шат болсын!

бірге жұмыс жасадық. Жалпы, Жетісудың, Талдықорғанның журналистикасы мықты әрі жарқын журналистика. Тұрсын Әбдуалиев, Ғайыс Егембердиев, Қанат Асқаров, Камал Әбдірахманов, Тәкен



Әліпбаевтар жарқыраған жұлдыздар еді ғой! Сол азаматтардан тәлім алғандардың бірі – Тұрлыхан облыс орталығындағы тұңғыш қарлығаш газет «Талдықорғанның» бас редакторы болды. Біз өмірден өткенмен газет қалады, жылнама қалады, тарих қалады. Соның бастауында, газеттің тұңғыш редакторы ретінде Түрекеннің есімі мәңгіге тұрақталады. Тұрлыхан, қабырғалы қазақтың



Осындай игілікті істер атқарыла берсін! Қалам ұстаған, әдебиетке, мәдениетке еңбегі сіңген жандардың есімдерін мәңгі есте қалдыруға байланысты шаралар жалғасын таба береді деп сенеміз, - деді.

Әміре ӘРІН,
Қазақстан Республикасының
Құрметті жазушысы, ҚР Құрметті
журналисі, ҚР Мәдениет қайраткері,
ақын:

- Мен Тұрлыханмен студенттік кезден танысып. Өте жақсы оқыды, зейіні мықты, табанды, өжет еді. Отбасымызбен араластық, талай қуаныштарда бірге болдық. Тұрсын Әбдуалиевтің шақыруымен кейін «Октябрь туы» газетінде де бірге еңбек еттік. Онда ғажап адамдармен

қаламгері ретінде жадымызда мәңгі сақталады, - деді.

Өз кезегінде сөз алған Тұрлыхан ағаның ұлы Дәурен әкесінің өміржолына қысқаша тоқталып, әріптестеріне, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді. Шараға жиналған көршілері де Тұрлыхан ағамен осы үйге бір кезеңде көшіп келіп, ұл-қыздарын бірге өсіргендерін, әлі күнге отбасымен араласатындарын тебірене еске алды. Ыстық ықыластарын білдірді. «Талдықорған» газетінің ұжымы ретінде біз, Тұрлыхан ағамызбен мақтанамыз. Қазақ руханиятының дамуына зор еңбек сіңірген жазушының есімі халқының, қаламдастарының жүрегінде мәңгі сақталатынына сенеміз. Ағамыздың жатқан жері жайлы, алды пейіш, арты кеніш болсын!

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ



МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ БЕРІК ТІРЕГІ

Тәуелсіз мемлекетіміздің Ата заңының тарихы 1993 жылдан басталады. Ал, биыл 30 жыл толғалы отырған қазіргі қолданыстағы екінші Конституциямыз 1995 жылы 30 тамызда референдум өтіп, соның нәтижесінде қабылданған болатын. Бүгінге дейін осы Конституцияға 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары алты рет өзгерді. Ата заңымызға соңғы өзгертулер мен толықтырулар 2022 жылы 5 маусымда өткен жалпыұлттық референдум арқылы қабылданды. Нәтижесінде Конституцияның 33 бабына бірнеше өзгеріс енгізілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің рәміздер күніне байланысты Мемлекеттік ту көтеру рәсімінде биыл мемлекеттілігіміздің берік тірегі – Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл толатынын еске салып өтті.

«Биыл Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл толады. Негізгі заң біздің қоғам арқа сүйейтін басты қағидаттардан тұрады. Конституция арқылы заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз етіп, ауқымды өзгерістерді кезек-кезеңімен қолға алып жатырмыз. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әрқайсысымыз үлес қосып келеміз. Бізді көк паспортымыз, реформалардың жасампаз қуатына деген ортақ мақсат пен мызғымас сенім бірікті-

реді. Қазақта «Туы бірдің – түбі бір, жолы бірдің – жүгі бір» деген сөз бар. Еліміздегі түрлі этнос өкілдері көк байрақтың астында тұтасып, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біздің мүддеміз де, жолымыз да, мұратымыз да – ортақ. Бұл – Әділетті, Қайыпсіз әрі Таза Қазақстанды құру. Осы береке-бірлігімізді сақтап, нығайта берсек, кез келген биікті бағындырамыз», деді Президент.

Жалпы Қазақ елінде ежелден түрлі заңдардың қабылданғандарын да дереккөздерден білуге болады. Мәселен, біртұтас Қазақ хандығы кезеңіндегі алғашқы заңның тарихта «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен белгілі.

16 ғасырдың ортасына қарай Қасым ханның заңдарын негізге ала отырып,



толықтырулар енгізіп, қазақ халқын тәртіп пен заң алдында тең ұстаған құжаттың бірі – «Есім ханның ескі жолы» дайындалды. Қазақ хандарының әзірлеген заңдары бес бөлімнен тұрған. Бірінші бөлімі – жер мен мал, мүлікке қатысты бап, екінші бөлімі – қылмыс пен жаза, үшінші бөлім – әскери тәртіп пен қызмет. Төртіншісі – халықаралық қатынастар. Ал бесінші бөлімі дәстүрлерге арналған.

Қазақ хандығының үшінші заңдық құжаты – Тәуке ханның «Жеті жарғысы».

«Жарғы» сөзі қазақша «әділдік», «шешім» деген ұғымды білдірген. XVII ғасырда қазақ хандығының ыдырау қаупінің тууына байланысты Тәуке хан елдің ауызбірлігін арттыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салды.

Данияр МОЛДАХМЕТОВ,
Талдықорған құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ШОҚАН УӘЛИХАНОВҚА 190 ЖЫЛ



«Тамаша ғалым, көрнекті ойшыл, ержүрек саяхатшы, қазақ халқының даңқты ұлы – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов ел тарихында ең ардақты орынға ие. Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасы – отандық ғылымның алтын қоры», - Әлкей Марғұлан.



ҚАЗАҚТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Биыл ұлы ғалым, ағартушы-демократ, гуманист Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толды.

Осы датаға орай өздеріне үлгі тұтар тұлға іздеп жүрген өскелең ұрпақ біле жүрсін деген ізгі ниетпен Шоқан туралы кезекті мақаламызды жариялауға бел будық. Өзіміз Шоқан жерленген Алтынөмел өңірінде, Шоқан ауылында ер жетіп, жастайымыздан Шоқан мен Тезек төре туралы көптеген әңгіме-аңыздарды естіп өскен едік. Мектеп қабырғасынан бастап шамамыз келгенше Шоқантану ісімен айналысып келеміз.

Құрметті оқырман, назарларыңызға қырық жыл бұрын жарияланса да, әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған материалдарды ықшамдап, қайталап ұсынбақпыз.

Біріншісі, 1980 жылдардың басында Ә.Марғұланнның Алматы қаласындағы М.Әуезов музейінде Шоқан туралы оқыған дәрісінен (бейнетаспасын <https://www.facebook.com/share/v/15SGFQBWxg/> - сілтемесі арқылы көруге болады) және екіншісі, Қ.Мұхамедхановтың 1985 жылы Шоқанның 150 жылдығы қарсаңында жариялаған «Өнегелі өмір, өшпес мұра» атты мақаласынан үзінді (Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, «Ел-шежіре», 2007. 5-том. – 344 бет.).

І. Әлкей Марғұланнның Шоқан Уәлиханов туралы дәрісінен үзінді:

(Бұл дәрісті Әлекең ауызша түрде аудиторияға айтқанын сөзбе-сөз қағазға түсіріп жазғанымызды ескертеміз)

«Қадірлі, достар!

Біріншіден айтатын нәрсе, XIX ғасырдың ішінде халықтың жүрегіне күн сәуле-сін түсіретін аяулы, ардақты кемеңгер ойшылдар көп шықты. Соның ішінде ең бірегейі – Шоқан Уәлиханов еді. Ол қазақтың тіршілігінен, оның өмірінен, оның географиясынан, тарихынан, этнографиясынан, әдебиетінен, өнерінен тағы басқа түрлі нәрселерінен көп дүниелер қалдырды. Сондай



нәрселерді қырғыздар мен ұйғырлардан, өзбектерден көп жазды. Осы жағынан алғанда XIX ғасырда Шоқанның жазғандарына жететін осы күнге дейін, ешбір ондай білім жоқ.

Ол ұлттарды ашық, айқын, әдемі суреттеген кісі. Мен Шоқанның материалдарымен студент кезімде, Ленинградта шұғылдана бастадым. 25-30 жылдары академия архивінде отырып, оның жазғандарын келтіргенім екі дәптер болды. Арасында Шоқанның сөздері сондай қызық еді, мен соны студент кезімде жазып алдым.

Кейін академияға келгеннен кейін, Мұхтар мен Қаныш марқұм екеуі қосылып, Шоқанды қайтадан бастыру мәселесін қойды. Оны олар маған тапсырды, «Сен осыған кіріс, Шоқанды жақсылып шығар, неше том шығарасың өз еркінде» деп ұсыныс берді. Бұл мәселеге көп еңбек сіңірген Мұхтар, Қаныш, Сақтаған Байышов. Осы үшеуі де өте жүйрік білгіш, Шоқанды ерекше жақсы қадірлейтін, аяулы көретін қазақтың данышпан адамдары. Ол Мұхтарға, Қанышқа, Байышовқа жететін кісілер өте аз, олардың жүйріктілігі ерекше еді.

Шоқанды жақсы көрген кісінің бірі - Сәкен Сейфуллин, ол да арасында Шоқанды еске түсіріп отырады. Сәбит Мұқанов та Шоқан туралы көп жазды. Сәбиттің жазғанында реализмнен көрі, фантазия басымырақ болып отырады.

Сол кезден бастап біз Ленинградтың, Мәскеудің, Омбының, Қазанның, Орынбордың, Ташкенттің, Алматының архивтерін тегіс араладық. Не заманнан бері архивтерде шашылып жатқан әдемі жазбаларын, автографтарын, кейбір қағаздарын ақырындап отырып таптық. Біздің бұл зерттеуіміз профессор Веселовскийдің зерттеуінен басқалай еді. Ол кісі Потанин Григорий Николаевич берген материалды басып шығарды. Оның ішінде Шоқанның революциялық идеяларын, әсіресе, патшаға қарсы жазған жерлерін тегісімен қалдырып отырған. Біз ол жерлерін орнына келтірдік. Ол айтқан сөздер орыс халқына революцияда қалай айтса, Шоқан да солай әдемі революциялық мотивпенен ашық айтып отырған. Ол туралы Веселовский кітабында жазылған. Ол қарындашпен өшірген жерлерін тегісімен көрсеттік. Мұны бір кезде Фетисов әдебиетті жақсы зерттейтін

Қазақстанды жүйрік білетін литератор, ол жігіт те көңіл қойып өзінің пікірін айтқан еді. Ақырында 5 том Шоқанның шығарма-ларын шығардық.

Профессор Березин «Хандар жарлығын» зерттегенде көп ескі сөздерді түсіне алмай, Шоқанға хат жазған. Сонда Шоқанның Березинге Кадет корпусында оқып жүрген шағында жазған хаттары керемет. Ондай хатты осы күнгі балалар еш уақытта жаза алмайды. Мұнда бір профессордың, атақты ғалымның тілі бар. Қырғыз халқының тарихын қандай әдемілеп жазған.

1856 жылы Шона батыр, Қоқан, Өзбек тарихын сондай сұлу жазған. Өзбек хандарының қысымшылығы, олардың қазақ пен қырғызды қанауы, осылары жақсы айтылған. Мұның барлығында Шоқан өзін әр уақыт орыс революционерлеріне жақындатып, өзін ашық ойлы, революция ойын ойлаушы, жарық дүние көрсететін кісі етіп көрсетеді.

Шоқанның көп жазған нәрселерінің бірі, әдемі жазғаны – «Предания легенды казахов Большой Орды». Қандай әдемі жазған. Соны 18-19 жасында жазған Шоқан. «Оглядывая поэзию», «Жоқтау» жырын қандай әдемі келтіреді. Сонда неше түрлі мысалдар бар. Абылай туралы әдемі аңыздар, Абылайды қазақтардың қандай қадірлейтіні, оны ардақтаудың қандай әдемі жырлармен қалдырғанын келтіреді.

Шоқанның кішкене күнінен әдемі жазған нәрсесі «Едіге» жыры мен «Қорқыт ата». Қорқытты қазақтың әдебиетін, музыкасын жасаушы атасы деп бірінші айтып кеткен Шоқан.

1856 жылы Ыстықкөл жағасына барып жүріп, Қырғыздың «Манас жырын» табады. Онда айтқан ғой, «Единственное романтическое произведение киргизского народа» «Манасты» бірінші рет жазған. Елуінші жылдары олай айту ешбір Еуропа ғалымдарының есіне келмейтін сөз ғой. «Манасты» «единственное романтическое произведение киргизского народа» деп - бір ғана Шоқан айта алған.

«Қозы Көрпешті» Жанақ ақыннан естіп, қандай қадірлеген. Сол кезде Шоқан жеті жасар бала, әкесімен екеуі Жанаққа айтқызып, бірге отырып жазады ғой.

Бір айтатын нәрсе, Шоқанның өскен жері Көкшетау, Сырымбет. Өзі 1835 жылы Обаған қаласында туып, жас күнін Обаған өлкесінде Күнтимес деген Шыңғыстың сарайында өткізді. Бес жасынан Обағандағы қазақ мектебінде оқыды. Онда шығыс тілдерін жақсы үйренді. Әлішер Навои сияқты шайырларды жақсы оқыды.

Сондықтан жеті жасында ол араб тілін сонша жүйрік біліп, әкесімен отырып сонда Жанақ, Жұмағұл сияқты ақындардың айтқандарымен бірге, қазақ фольклорын жазып алып отырған.

Шоқанның көп айтқан нәрселері - қазақтың музыкасы, қобыз күйлері. Ол 15 шақты күйдің атын келтіреді.

Мысалы, Уақ Сабыр батырдың «Сыбызғыдан тартқаны» деген күйі, соны өз құлағымен естіген сол кезде.

Бағаналы Балақай бақсының «Қорқыт күйі». «Қорқыт күйін» Балақай бақсыдан әдемі тартқан кісі болмаған.

«Жанқожаның басқаны» - Жанқожа, қай Жанқожа екені белгісіз, мүмкін Сыр бойындағы Жанқожа болуы мүмкін.

«Суға кетті ер Қотан» - Досжан дейтін атақты күйшінікі.

«Балбырауын», оны музыканттар осы замандікі дейді. Шоқан 50-ші жылы жазып алған. Балбырауын Досжандыкі, әдемі би, қазақша балбырату, әдемі домбырамен тартатын күй.

«Ала байрақ» дейтін күйді - соғыс кезінде Досжан әдемілеп тартатын. Соны Шоқан өз құлағымен естіген.

«Қызыл қайың» - Өтеболат дейтін атақты күйші. Оның күйлерін Шоқан өз құлағымен естіген.

«Шығыс жібі бес бармақ», - дейді, домбыраның қоңыр үніменен, Шығыстың жібегі сияқты әдемі күйде бүлкілдетіп тартатын, соны жазады.

«Қапыда өткен қарбалас», - дейді, мұны тартқан Жанақ ақын. «Қапыда өткен қарбалас» - тегінде Еңлік Кебекке арналған сияқты.

«Тайлақбайдың сыбызғыдан тартқаны», - дейді. Тайлақбай күйшінің кім екенін ешкім білмейді, қазіргі музыканттар да білмейді. Оның күйінің аты – «Қыз жылытқандай», - дейді. Күйдің аты әдемі, сайрап тұратын жақсы күй.

«Болтанның басқаны» дейді. Болтан деген атақты күйші, оны қазір ешкім білмейді. Сол бойымен ұмытылып қалған.

Ершедегі Еткейсің дейді қазақтың ескі аңызы бойынша, Ерше дейтін атақты күйші, өзі жалайыр. «Ақсақ Құлан», «Жошы хан» күйінің ХІІІ ғасырда тартқан бір түрі. Күйде Жошы ханды тірілтіп берсең деген, мотив бар. Құланның Жошыны қалай өлтіргені, оны топтап басқан аяқтың ізі, соның барлығын қобызбен әдімілеп келтірген.

Сөйтіп, Шоқанның бізге қалдырған тарихи-географиялық, мәдениет жүзіндегі, өнер жүзіндегі, музыка жайындағы, елдің тұрмысы жайындағы жазып кеткендері біз үшін еш уақытта ұмытылмайтын ғажайып бір дүние. Оны Шоқандай ешкім жаса алмайды, оның сөздерінің өзі қызық қой, тез тапқыш, жаңа айтқан сөздері басқа кісі айтып келтіре алмайтын өз алдына бөлек болып отырады.

Қазір Шоқанды қазақшаға аударатын кісі болса, оның тілін жақсы білетін кісі аудару керек. Қазақша жүйрік білетін, қазақтың мақал-мәтелін жүйрік білетін, аса шешен кісі аударуы керек. Ал егер оны білмесе, Шоқанның тілі босқа қалады. Оның айтқан тілі канцеляриямен жасаң түк болмайды. Олай жазуда ешбір мән жоқ. Онда Шоқан табылмай қалатын болады. Шоқанның материалдары осы күнде жалғыз Совет Одағында емес, бүкіл дүниежүзіне белгілі болып отыр. Шоқанның кітаптары шығысымен оның көп нәрселерін жапонның бір баспасы өз тіліне аударды. Соның ішінде «Очерки Джунгарии» да бар...

II. Қайым Мұхамедхановтың «Өнегелі өмір, өшпес мұра» атты мақаласынан үзінді:

«Отанымыздың мәдениет тарихынан ең құрметті орын алып, атақ-даңқы бүкіл әлемге жайылып, танылған ұлы тұлғалардың бірі – қазақ халқының адал ұлы, ардагер азаматы, дана ғалымы, ағартушы-демократ Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еді.

Шоқан – табиғи дарынды, кең ақылды кемеңгер, теңіздей терең ойлы, заманындағы озық пікірлі, алдыңғы қатардағы қайраткер, өз халқын жан-

тәнімен шексіз сүйген, бүкіл саналы өмірін, өнер-білімін, бойындағы бар асыл қасиетін туған еліне адал еңбек етуге арнаған патриот. Ол елінің еңсесін басқан ескі салт-санаға, әдет-ғұрыпқа, әлеуметтік теңсіздікке, зорлық-зомбылыққа, надандыққа зығырданы қайнап қарсы шықты. Ол орыс халқы мен қазақ халқының, сол сияқты Россия империясының езгісінде отырған барлық ұлттың бостандығын, береке-бірлігін көксеген, халықтар достығының жалынды жаршысы болды.

ХІХ ғасырда Шоқандай сегіз қырлы ғалым, аса қабілетті, үлкен мәдениет қайраткері бүкіл Орта Азияда аз еді дей аламыз. Орыстың ұлы революцияшыл-демократтарының органы «Современник» журналы 1864 жылы 6 санында: «Ш.Уәлихановтың қабілеттілігі мен жетістігі және жігерлігі сонша, Сібірде тұратын халықтар арасында бұрын-соңды ондай адам болған емес», - деп жазды.

Шоқан – биік жанды, қызу қанды, кіршіксіз ақ көңілді, жарқын жүзді, ер жүректі, жалтаңы жоқ турашыл, әділ, адал азамат. Ол – қазақ халқының ұлттық мақтанышы, орыс халқының айнымас досы, адамзат баласын алаламайтын ізгі көңілді, кең пейілді сабаз, адамгершілігі зор нағыз гуманист.

Омбы кадет корпусында бірге оқыған досы, әйгілі ғалым Г.Н. Потанин Шоқан туралы: «Шоқанның мінезі Пушкиннің де, Лермонтовтың да бейнесін, мінез құлқын еске түсіруші еді», - дейді.

Шыңғыс ауылына қазақтың атақты ақын, жыршылары, әнші, домбырашы, қобызшы, сыбызғышы өнерпаздары көп келіп, ақындар айтысы, өнерпаздар жарысы үнемі болып тұрған. Шыңғыс өзі де шебер домбырашы, қобызшы болыпты. Шоқан жас бала шағынан қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениеті дариясының тұнығын тына жұтып сусын-дап, халық өнерін сезініп, сүйсініп, сүйіп өскен.

Ауылына үнемі келіп-кетіп жататын орыстың зерттеуші ғалымдарын, инженер, топографтарын, суретшілерін бала күнінде көп көріп, олардың жазу-сызуларына, салған суреттеріне қызыға қарап, құмарланып, зер салған. Бір көргенін көңіліне тоқып алатын зерделі Шоқан – жазу, сызуға ерте машықтанды.

Шоқанға бала күнінде сабақ берген ұстазы Ғалиақбар шығыс тілдеріне жүйрік адам болған. Бала Шоқан Шығыстың атақты ақындарының өлеңдерін жазып алып, үй-ішіне, құрбы-құрдастарына жатқа айтып береді. Бес жасында хат танып, жеті-сегіз жасында сурет сала бастаған. Сол бала кезінде-ақ «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Көкше» поэмаларының бірнеше нұсқасын жазып алған.

1847 жылы 12 жасқа аяқ басқан кезінде кадет корпусына оқуға түскен Шоқан туралы: «Шоқан жедел жетіліп, өзімен сабақтас орыс жолдастарынан озып, үздік шықты», - дейді Г.Н. Потанин.

Шоқан 1853жылыкадеткорпусынбітіріп, корнет атағын алып, қызметке кіріскенде 18 жаста еді. Оның алғашқы сапары 1854 жылы басталып, Орталық Қазақстанды, Жетісуды аралап, Тарбағатайға дейін жалғасты. Қазақтың тарихы, әдебиеті мен этнографиясын зерттеп, мол мағлұмат жинап қайтады. 1856 жылы Ыстықкөл экспедициясына қатысып, Қырғызстанда болып, ол елдің тарихын, тұрмыс-салтын, тілін, табиғатын зерттейді. Осы сапарында Құлжа қаласында болып, Қытай мен Россия арасындағы сауда, жалпы қарым-қатынас мәселесін реттеу ісіне қатысады. 1857 жылы қырғыз елінде екінші рет болып, бұл жолы атақты «Манас» эпосымен танысып, зерттейді. «Манас» эпосын жоғары бағалап, оны даланың «Иллиадасы», ал Манастың жалғасы «Семетай» эпосын – қырғыздың «Одиссеясы» деп бағалаған. «Манас» эпосынан «Көкетай ханның өлімі және оның асы» деген бөлімінің үзіндісін жазып алып, орыс тіліне аударған. Жоғарыда аталған ғылыми сапарларының нәтижесі «Ыстықкөл сапары», «Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы» сияқты алғашқы ғылыми-тарихи

очерктерін жазған кезде Шоқан 20 жаста еді.

Осы алғашқы қадамының өзінде-ақ П.П. Семенов-Тянь-Шанский бастатқан орыстың ірі ғылым қайраткерлері, Шоқанды нағыз ғалым деп танып, орыс география қоғамының толық мүшелігіне бірауыздан сайлаған кезде, ол 22 жаста болатын. Аса қауіпті Қашқар сапарына аттанып, сол қатерлі сапарда ерекше төзімділік, асқан ерлік көрсетіп, үлкен абыроймен аман-есен оралып, ержүрек саяхатшы-ғалым даңқына бөленіп, бүкіл ғылым әлеміне аты әйгілі болған шақта Шоқан 24 жасқа ғана аяқ басқан еді.

Қашқар сапарының ең басты нәтижесі «Алтышаһардың немесе Қытайдың Нанлу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қаласының жайы туралы» - деп аталатын, ғылыми-тарихтық маңызы аса зор, үлкен еңбегі болды. Шоқанның бұл еңбегі 1865 жылы Лондонда шыққан «Орыстар Орталық Азияда» деп аталатын кітапта ағылшын тілінде де жарияланды. Сөйтіп, қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың Орта Азия мен Шығыс Түркістанды зерттеу ісінде ғылымға сіңірген мол еңбегін бүкіл дүниежүзілік ғылым жоғары бағалап, тегіс мойындады.

Кемеңгер қайраткер, ұлы ғалым дүниеден мезгіліз ерте көшті. Абай сөзімен айтқанда:

Құйрықты жұлдыз секілді,

Туды да көп тұрмады.

Көрген, білген өкінді,

Мін тағар жан болмады.

(Әбдірахман өліміне. 1895)

Шоқан шығармаларының 1904 жыл шыққан алғашқы жинағының алғысөзінде профессор Н.И. Веселовский дәл Абай сөзіне ұқсас пікір айтып: «Как блестящий метеор промелькнул над нивой востоковедения Чокан Чингизович Валиханов», дей келіп, «Русские ориенталисты единогласно признали в лице его феноменальное явление и ожидали от него великих и важных откровений о судьбе тюркских народов», - деп жазды. Бұл орыстың шығыстанушы ғалымдарының Шоқан Уәлихановқа бір ауыздан берген әділ бағасы еді.

«Ұзақ өмір не берер, көрген, білген, болмаса?» – деп Абай айтқандай Шоқан аса аз жасаса да көпті көріп, көп нәрсені біліп өтті. Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихы мен географиясына арналған ғылыми-зерттеу еңбектері, саяси-әлеуметтік тақырыпқа жазған көп шығармалары – Шоқанның жан-жақты терең білімді, кең ақылды, ұшқыр қиялды аса ірі ғалым болғанын танытады. Шоқан әрі әдебиетші, публицист, көркем сөздің зергері, дарынды қалам қайраткері және тұңғыш қазақ суретшісі.

«Если бы Чокан имел в киргизском народе читающею среду, он мог бы стать гением своего народа и положить начало литературному возрождению своих диноплеменников», - деген Г.Н. Потанин.

Шоқан өзінің ана тілі мен орыс тіліне бірдей жетік әдебиетші. Ол ғылыми зерттеу еңбектерін орысша жазды. Ол туралы Мұхтар Әуезов былай деген: «Егер еңбектерін қазақ тілінде ғана жазып кеткен болса, біз Шоқанның бүгінгі дәрежеде, көпке мәлім болған, кең майдан тапқан, өзінің соңында қадірлі жол, дәстүр қалдырған ғалым ретінде білмеген болар едік. Өз уақытында кейінгі жастарына орыс мәдениетін үлгі, үгіт етіп тартумен қатар, өз еңбектерін орыс тілінде жазып жариялауы да ол үшін ең қажет, ең дұрыс жол еді».

Шоқан Уәлиханов, ешқашан өшпейтін, өлмейтін мәңгі маңызын жоймайтын, ұшан-теңіз бай, асыл мұра қалдырып кетті. Ғалымның бай мұрасының ішінде зерттеп, жаза бастап, аяқтай алмаған және негізін салып, жазып үлгеруге мұршасы келмей кеткен еңбектері аз емес. Осының бәрі де ғылым үшін бай қызына. Шоқанның сондай игі бастамаларын ұқыпты зерттеп, оның жүзеге асыра алмай кеткен ісін жеріне жеткізу – қазіргі ғалымдарымыздың абыройлы борышы деп білеміз». ...»

...Міне, қадірменді оқырман, Шоқан және оның бай мұрасы туралы қырық жыл

бұрынғы, Совет идеологиясы заманында айтылған, жазылған екі ғұламамыздың ойтолғаулары. әлі күнге дейін маңызын жоймай, керісінше өте өзекті болып тұр.

Бұған себеп, біріншіден, Шоқан мұрасының әлі күнге дейін толық жинақталмауы, зерттелмеуі және тиісті деңгейде дәріптелмеуі. Осы жағдайға байланысты академик Ө.Марғұланнан бастап, еліміздің бірқатар ғалымдары дабыл қағумен келеді. Мысалы, «Алаш айнасы» газетінде «Шоқан өлді дегеннен кейін де 10 жыл тірі болған...» деген тақырыпқа тарих ғылымының докторы, профессор Көшім Есмағамбетов мынадай пікір айтқан екен: «Негізі, Шоқан – өте күрделі тұлға. Оған нүкте қою әлі ерте. Өкінішке қарай, бізде «Шоқантанудың» тікелей соңында жүрген адам жоқ. Дегенмен Шығыстану институты алдағы 180 жылдығына орай Шоқанның түпнұсқа еңбектерін шығару жөнінде тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізіп жатыр. Ал соңғы шыққан 6 томдық 1985 жылғы нұсқадан аударылған. Бірақ ол нұсқаның өзі кезінде күлдібадамдау болып шыққан болатын».

Ал, Мадрид және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Самат Өтениязов 2021 жылғы 5 тамызда «Ана тілі» газетінде «Шоқан Уәлиханов ғылыми мұрасының тағдыры және оған жасалған қиянаттар тарихы» атты мақала жариялады.

ХІХ ғасырда қазақ халқын «киргиз кай-саки» деген атаумен қорлап, жабайы, ғылым-білім, мәдениеттен мақұрым қалған көшпенді тайпалар деген көзқараста болған Ресей мен Батыс елдерінің алдыңғы қатарлы өкілдерін өзінің терең білімімен, табиғи дарынымен, ғұламалығымен, ғылыми жаңалықтарымен жерге қаратып, мойындатқан өрімдей жас Шоқанның артында қалған бай ғылыми мұрасы бүгінгі күнге дейін толық жинақталып, зерттелмей келеді.

Екіншіден, Шоқанның қайғылы қазасына, жерленуіне, бейітіне, нақты жатқан жеріне, сүйегіне қатысты осы күнге дейін бітпей келе жатқан дау-дамайлар.

Үшіншіден, Шоқан Уәлиханов тұлғасының ұлы ғалым, ағартушы-демократ, адамзат тағдырын ойлаған гуманист сияқты қырларын аша отырып, тиісті деңгейде насихатталмауы.

Білген, түсінген адамға Шоқан шынында қазақтың шамшырағы. Әр қазақ баласы Шоқандай болуға талпынуы тиіс. «Мың өліп, мың тірілген» табиғи гені болаттай берік халқымыз жекелеген дарынды, данышпан, дана, батыр, батыл, сегіз қырлы бір сырлы өнерпаз ұл-қыздарымызды дүниеге әкелуде.

Мысалы, солардың бірегейі ХІХ ғасырда өмір сүріп, қараңғы заманда қазақ халқын күллі әлемге мойындатқан Шоқан болса, ХХІ ғасырда дүниежүзі қауымдастығы қазақ халқын Димаш Құдайбергеннің өнері арқылы танып, тәнті болуда.

Реті келгенде айта кетсек, Шоқанның өзі таза мұсылман бола тұрып, жекелеген дін талаптарының қоғам дамуына кері әсері бар екенін, жастар ертелі-кеш тек қана діни мәселелен ғана айналыспай, ғылым-білімге ұмтылуы қажет деген мағынада өз пікірін ешкімнен тайсалмай айтып, жазып кеткен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біздің нақты құндылықтарымыз болмаса, даму жолында тың серпіліс жасауымыз және көшбасшы елдер қатарына қосылуымыз неғайбыл. Сондықтан, жалпыұлттық құндылықтар жүйесін бекіту қажет. Ең бастысы – адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу», - деп атап өткені терең ой салады.

Дінмұхамед Қонаев атамыз жазып кеткендей, «Шоқандай перзенті бар менің халқым да бақытты, осындай ұлан-ғайыр даланы еркін жайлаған халқы бар Шоқан да бақытты. Сол Шоқандарымыз көп болса, қане!».

Бағдат АҚЫЛБЕКОВ,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі,Тезек төре және Шоқантанушы, өлкетанушы, бірқатар тарихи-танымдық, ғылыми-зерттеу мақалалардың авторы



ЭКСТРЕННАЯ ПОМОЩЬ

ПРИ ПЕРЕЛОМАХ НАРУЖНОГО НОСА

Перелом костей наружного носа – частая травма при падениях, драках и ДТП. Признаки: деформация спинки носа, отек, гематома, затрудненное носовое дыхание, боль, возможное носовое кровотечение. Иногда наблюдается подкожная эмфизема при повреждении слизистой.

спитализация.

Пациент нуждается в осмотре ЛОР-врача и травматолога. Рекомендуется рентгенография или КТ носа и лицевого скелета. Репозиция проводится не позже 5-7 суток после травмы – до образования плотного отека и сращения отломков.

Перелом носа – не просто косметическая проблема, а травма, требующая точной диагностики и бережной тактики.

Б.М. Аскаров,
поликлиника №2, г. Семей,
Ш. АХМЕТОВ,
поликлиника №1, г. Талдыкорган,
К.Т. ТАЛГАТОВ,
областная больница, г. Талдыкорган

ПРИ ТРАВМАХ НАРУЖНОГО УША

Травмы наружного уха – распространенные повреждения, встречающиеся при драках, ДТП, спортивных и производственных травмах. Повреждение может быть ушибом, разрывом ушной раковины, укушенной или рваной раной, отрывом части уха или гематомой.

При осмотре важно определить: есть ли кровотечение, деформация, боль, признаки инфицирования. При наличии раны – не трогать края, не удалять сгустки, не промывать ничем агрессивным. Рану обрабатывают антисептиком по краю (не вливая внутрь) и закрывают стерильной салфеткой.

Кровотечение останавливают давящей повязкой, избегая сильного прижатия, чтобы не нарушить кровоснабжение. При обширной гематоме (так называемое «ухо борца») – накладывают холод и срочно направляют к хирургу или ЛОР-врачу для дренирования.

Отрыв ушной раковины требует срочной транспортировки с сохранением оторванной части – её помещают в стерильную ткань и охлаждают (но не замораживают!).



Пациента направляют в ЛОР- или травм-пункт, возможна реплантация.

Обязательно исключить сопутствующие травмы височной кости, слухового прохода и сотрясения мозга. Назначается профилактика столбняка и антибиотика при открытых повреждениях.

Своевременная помощь позволяет сохранить функцию и форму уха, а также предотвратить инфекционные осложнения.

Б.М. АСКАРОВ,
поликлиника №2, г. Семей,
Ш. АХМЕТОВ,
поликлиника №1, г. Талдыкорган,
К.Т. ТАЛГАТОВ,
областная больница, г. Талдыкорган

ПРИ АЛЛЕРГИЧЕСКОМ (АНАФИЛАКТИЧЕСКОМ) ШОКЕ

Анафилактический шок – тяжелое, угрожающее жизни аллергическое состояние, развивающееся в течение минут после контакта с аллергеном (лекарства, укусы насекомых, пища и др.). Проявляется резким снижением давления, одышкой, отеком лица и гортани, сыпью, нарушением сознания.



Первая помощь начинается немедленно: устранить контакт с аллергеном (прекратить введение препарата, убрать ужалившее насекомое и т.п.). Пострадавшего

уложить, ноги приподнять. Освободить шею и грудь от сдавливающей одежды.

Главное средство – адреналин (эпинефрин). Вводится внутримышечно в переднюю поверхность бедра: взрослым – 0,3-0,5 мл 0,1% раствора, детям – 0,01 мл/кг. При необходимости повторить через 5-10 минут. Если есть автоинъектор (например, EpiPen) – использовать немедленно.

Показано введение антигистаминных (например, супрастин) и глюкокортикоидов (дексаметазон, преднизолон) – внутривенно или внутримышечно.

Контролируйте дыхание и пульс. При остановке дыхания и/или сердца – немедленно начать СЛР. Обязательно – вызов скорой (103), даже если симптомы уменьшились. После шока пациент должен находиться под наблюдением не менее 24 часов.

Анафилаксия – состояние, где счет идет на минуты. Правильные действия спасают жизнь.

Б.М. АСКАРОВ,
поликлиника №2, г. Семей,
Шындаулет АХМЕТОВ,
поликлиника №1, г. Талдыкорган,
Ф.А. ДЖУРАЕВ,
поликлиника №1, г. Талдыкорган

ПРИ НОСОВЫХ КРОВОТЕЧЕНИЯХ

Носовые кровотечения (эпистаксис) – распространенное состояние, которое может быть связано с травмой, повышением давления, заболеваниями сосудов или сухим воздухом.

ОСНОВНЫЕ МЕРЫ:

1. Усадите пациента с наклоном головы вперед – это предотвращает затекание крови в глотку.

2. Попросите прижать крылья носа пальцами к перегородке на 10-15 минут.

3. На переносицу приложите холод (пузырь со льдом, холодный компресс).

4. Успокойте пациента, избегайте резких движений, не запрокидывайте голову назад.

5. При сильном или длительном кровотечении (более 20-30 минут), при травме лица или нарушении свертываемости – срочно вызовите скорую помощь или обратитесь в травмпункт.

6. В стационаре при необходимости выполняются тампонада носовых ходов, электрокоагуляция сосуда или другие манипуляции ЛОР-врача.



Своевременная помощь при носовом кровотечении предотвращает потерю большого объема крови и развитие осложнений. Если хотите, я подготовлю для вас памятку с картинками или пошаговый алгоритм для бригады скорой помощи.

Б.М. АСКАРОВ,
поликлиника №2, г. Семей,
Курмет АБЗАЛУЛЫ,
поликлиника №1, г. Талдыкорган,
М.М. БЕРКИНБАЕВА,
поликлиника №1, г. Талдыкорган

ХРОНИЧЕСКИЙ СИНУСИТ И ГОЛОВНЫЕ БОЛИ: МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД

Хронический синусит – это длительное воспаление околоносовых пазух, продолжающееся более 12 недель. Он часто сопровождается не только заложенностью носа и слизистыми выделениями, но и головными болями различного характера, которые могут имитировать мигрень или головную боль напряжения.

Эти боли нередко становятся причиной обращения к неврологу, а не к ЛОР-врачу, что усложняет диагностику и затягивает начало адекватного лечения. Пациенты с хроническим синуситом могут страдать от снижения качества жизни, нарушений сна, концентрации и настроения. Здесь крайне важен междисциплинарный подход, включающий взаимодействие ЛОРа, врача общей практики (ВОП), невролога и в ряде случаев – реабилитолога.

Диагностика начинается с подробного опроса и осмотра. Основные симптомы: длительная (более 12 недель) заложенность носа, густые выделения из носа или по задней стенке глотки, давящие головные боли в лобной, глазничной или теменной области, снижение обоняния, повышенная утомляемость, дискомфорт при наклоне головы вниз. ЛОР-врач проводит риноскопию и может направить на КТ околоносовых пазух, которое является

золотым стандартом диагностики. Невролог подключается при выраженном болевом синдроме и исключает мигрень, кластерную и цервикогенную головную боль. ВОП играет ключевую роль в координации маршрута пациента, направлении к нужным специалистам и контроле хронических воспалительных процессов. Реабилитолог может быть полезен при нарушениях дыхания, астеническом синдроме, снижении общего тонуса у пациента.

Подход к лечению должен быть комплексным: назальные кортикостероиды (мометазон, будесонид), промывание носа солевыми растворами, антибиотики по показаниям, антигистаминные препараты – при наличии аллергического компонента. Из физиотерапии применяются УВЧ,



лазер, ингаляции, спелеотерапия, дыхательная гимнастика – особенно в фазе восстановления. При полипозной форме или неэффективности терапии проводится эндоскопическая санация пазух (FESS). Неврологическое сопровождение может включать обезболивающие, миорелаксанты, а также психоэмоциональную поддержку. При выраженной астении подключается реабилитолог.

Для профилактики важно своевременно лечить ОРВИ и аллергический ринит, укреплять иммунитет, избегать переохлаждения и контакта с загрязненным воздухом. Регулярное наблюдение у ЛОРа и контроль со стороны ВОП особенно важны у пациентов с хроническими патологиями.

Хронический синусит – это не только ЛОР-проблема, но и мультидисциплинарное состояние, нередко сопровождающееся головной болью и снижением жизненного тонуса. Успешное лечение возможно только при сотрудничестве ЛОРа, ВОП, невролога и реабилитолога. Четкая диагностика, согласованная терапия и реабилитационные мероприятия позволяют не только устранить симптомы, но и значительно повысить качество жизни пациента.

Б.М. АСКАРОВ,
поликлиника №2, г. Семей,
К.Т. ТАЛГАТОВ,
областная больница, г. Талдыкорган,
А.Ж. АБДИЛЬДИНОВ,
медицинский центр «Мейірім»,
г. Талдыкорган

СЛУХОВАЯ НЕЙРОПАТИЯ: ДИАГНОСТИКА, ЛЕЧЕНИЕ И РЕАБИЛИТАЦИЯ

Слуховая нейропатия – это нарушение слуха, при котором сохранена функция наружного и внутреннего уха (улитки), но нарушена передача сигнала по слуховому нерву или в стволе мозга. Пациенты с таким диагнозом могут слышать звуки, но испытывают серьезные трудности с распознаванием речи, особенно в шумной обстановке. Это состояние может быть как врожденным (чаще у недоношенных и детей с гипоксией), так и приобретенным вследствие инфекций, токсического воздействия, нейродегенеративных заболеваний или травм.

Ключевым моментом является ранняя и точная диагностика. Пациенты часто жалуются на «размытый» слух, невозможность различать слова, даже если звук сам по себе слышен. При обследовании отмечается нормальная оториноларингологическая картина и сохраненные отоакустические эмиссии, что говорит о сохранной функции улитки. Однако при аудиометрии выявляется несоответствие между порогом слуха и восприятием речи, а при регистрации слуховых вызванных потенциалов (СВП) обнаруживаются аномалии или отсутствие ответов – что и подтверждает диагноз. Здесь важно взаимодействие между ЛОР-врачом, неврологом и сурдологом.

Лечение слуховой нейропатии зависит от причины и степени выраженности. В лёгких случаях возможно применение слуховых аппаратов, однако эффективность может быть ограничена. При выраженной потере речевого восприятия показана кохлеарная имплантация, которая обходит повреждённый участок нерва и напрямую стимулирует улитку. ЛОР-врач и сурдолог подбирают тактику, а невролог оценивает общее неврологическое состояние и ис-



ключает центральные патологии (например, нейропатии, рассеянный склероз). Врач общей практики или педиатр может выявить ранние признаки и направить к профильным специалистам.

Реабилитация играет критическую роль. Она включает слуховую терапию, занятия с сурдопедагогом, логопедом, когнитивную коррекцию и обучение стратегии восприятия речи. Родителям и пациентам важно объяснить суть диагноза и обучить адаптивным навыкам. Реабилитолог помогает при сопутствующих нарушениях координации, внимания, речи.

Слуховая нейропатия – сложное заболевание на стыке ЛОР-практики, неврологии и реабилитации. Успех зависит от точной диагностики, междисциплинарного подхода и активного участия пациента в восстановлении слуховой функции.

Б.М. АСКАРОВ,
поликлиника №2, г. Семей,
А.О. ОРАЗБАЕВА,
А.Ж. АБДИЛЬДИНОВ,
медицинский центр «Мейірім»,
г. Талдыкорган

ГОЛОВОКРУЖЕНИЕ: ЛОР И НЕВРОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИЧИНЫ, АЛГОРИТМ ОБСЛЕДОВАНИЯ

Головокружение – один из самых частых симптомов в амбулаторной и неотложной практике, с которым пациенты обращаются как к терапевтам, ЛОР-врачам, так и к неврологам. Оно может быть вызвано нарушением работы вестибулярного аппарата, расположенного во внутреннем ухе, либо центральными нарушениями в головном мозге. Часто этот симптом вызывает тревогу, снижает качество жизни и требует четкого междисциплинарного подхода.



ЛОР-причины головокружения включают доброкачественное пароксизмальное позиционное головокружение (ДППГ), вестибулярный нейронит, болезнь Меньера, отит с лабиринтитом, акустическую неврому. Неврологические причины – вертебробазилярная недостаточность, инсульт, рассеянный склероз, мигрень, опухоли. Важно также учитывать психогенные головокружения и соматические факторы (анемия, аритмии, гипогликемия).

Алгоритм обследования начинается с подробного расспроса: когда возникло головокружение, связано ли оно с положением тела, сопровождается ли шумом в ушах, нарушением слуха, тошнотой, шаткостью, потемнением в глазах. Далее проводится физикальный осмотр, ЛОР-пробы (в частности, тесты на ДППГ, отоскопия), и базовая неврологическая оценка (координационные, глазодвигательные, чувствительные нарушения). Назначаются аудиометрия, вестибулометрия, доплерография сосудов головы, МРТ или КТ мозга по показаниям.

ЛОР-врач оценивает состояние уха и вестибулярной системы, выполняет репозиционные манёвры при ДППГ (например, манёвр Эпли). Невролог исключает инсульт, опухоли, рассеянный склероз и назначает лечение при мигренозном или сосудистом головокружении. Врач общей практики играет важную роль в маршрутизации пациента, первичной дифференциации и исключении соматических причин.

Лечение зависит от причины: при периферических нарушениях – вестибулолитики, репозиционные манёвры, при болезни Меньера – диета с ограничением соли, диуретики; при неврологических причинах – лечение основного заболевания. Реабилитация включает вестибулярную гимнастику, физиотерапию и при необходимости психотерапию.

Головокружение – симптом, требующий точного междисциплинарного подхода с участием ЛОРа, невролога и врача общей практики. Правильный алгоритм обследования позволяет быстро установить причину, снизить риск осложнений и вернуть пациента к привычной жизни.

Б.М. АСКАРОВ,
поликлиника №2, г. Семей,
А.О. ОРАЗБАЕВА,
А.Ж. АБДИЛЬДИНОВ, медицинский
центр «Мейірім», г. Талдыкорган

НЕЙРОСЕНСОРНАЯ ТУГОУХОСТЬ: ТАКТИКА ВРАЧА ОБЩЕЙ ПРАКТИКИ И ЭТАПЫ РЕАБИЛИТАЦИИ

Нейросенсорная тугоухость (НСТ) – это снижение слуха, связанное с поражением внутреннего уха, слухового нерва или центральных отделов слухового анализатора. В отличие от кондуктивной формы (при которой нарушена передача звука), при НСТ нарушено восприятие звука. Пациенты жалуются на снижение слуха, ощущение «заложенности», искажение звуков, особенно речи, а также на шум в ушах. Заболевание может быть острым, подострым или хроническим, и может развиваться внезапно, что требует быстрой медицинской реакции.

Роль врача общей практики ключевая: именно он чаще всего первым сталкивается с жалобами на снижение слуха. Задача – вовремя распознать нейросенсорный характер тугоухости и срочно направить пациента к оториноларингологу или сурдологу. Важный диагностический критерий – отсутствие видимых патологий в наружном и среднем ухе при сохранённой жалобе на глухоту или шум. Врач проводит первичную аудиометрию (если доступна), отоскопию, собирает анамнез (инфекции, сосудистые заболевания, ототоксические препараты, шумовая нагрузка, травмы).

Острая НСТ (особенно односторонняя) – это неотложное состояние. Лечение должно начаться в течение первых 72 часов. Основу терапии составляют сосудистые препараты, кортикостероиды, ноотропы, антигипоксанта. При хронической форме упор делается на слухопротезирование и реабилитацию. Врач общей практики контролирует обострения, ведёт диспансерное наблюдение, обучает пациента уходу за слуховыми аппаратами и мотивирует к реабилитации. ЛОР-врач выполняет

углублённую диагностику, направляет на кохлеарную имплантацию при глубокой тугоухости, сурдолог занимается настройкой аппаратуры и речевой терапией.

Реабилитация включает использование слуховых аппаратов, слуховую и речевую терапию, психосоциальную поддержку. При двусторонней глубокой НСТ у детей – обязательна ранняя имплантация и сурдопедагогическая помощь. Реабилитолог подключается для коррекции когнитивных нарушений, связанных со снижением слуха.

Нейросенсорная тугоухость требует от врача общей практики быстрой диагностики, маршрутизации и сопровождения пациента на всех этапах. Совместная работа с ЛОР-врачом, сурдологом и реабилитологом позволяет сохранить слух, адаптировать пациента и улучшить его качество жизни.

Б.М. АСКАРОВ,
поликлиника №2, г. Семей,
Курмет АБЗАЛУЛЫ,
поликлиника №1, г. Талдыкорган,
А.Ж. АБДИЛЬДИНОВ,
медицинский центр «Мейірім»,
г. Талдыкорган



ОСЛОЖНЕНИЯ COVID-19: ПОТЕРЯ СЛУХА, РАВНОВЕСИЯ, ОБОНЯНИЯ – ПУТИ ВОССТАНОВЛЕНИЯ

COVID-19, особенно в среднетяжелой и тяжелой форме, может приводить к ряду отдаленных осложнений, включая нарушение слуха, равновесия и обоняния. Эти симптомы обусловлены поражением периферических и центральных отделов нервной системы, а также сосудистыми и воспалительными механизмами, которые вирус запускает в организме. Потеря обоняния (аносмия) стала одним из ранних и типичных признаков болезни, а нарушения слуха и равновесия часто проявлялись позднее – либо на фоне самой инфекции, либо в постковидном периоде.

Нарушение слуха может быть следствием нейросенсорной тугоухости, вызванной вирусным воспалением слухового нерва, сосудистыми нарушениями в лабиринте или ототоксичностью препаратов, применявшихся при лечении. Потеря равновесия может быть связана как с поражением вестибулярного аппарата, так и с вовлечением центральных структур мозга. Аносмия связана с воспалением и повреждением обонятельных рецепторов и их проводящих путей. Эти состояния могут сохраняться от нескольких недель до месяцев, снижая качество жизни пациента.

Врач общей практики (ВОП) должен ак-

тивно выявлять постковидные осложнения даже при отсутствии острых жалоб, направляя пациента на консультацию к ЛОР-врачу, неврологу и, при необходимости, сурдологу. Диагностика включает аудиометрию, тестирование обоняния, вестибулярные пробы, МРТ головного мозга при подозрении на центральные поражения.

Реабилитация включает индивидуальные вестибулярные тренировки, слуховую адаптацию, логопедические занятия (при длительном снижении слуха), восстановление когнитивных функций и контроль за адаптацией к бытовой активности. Врачи ЛОР, невролог, реабилитолог и психолог работают в тесной связке.

Таким образом, осложнения COVID-19 в виде потери слуха, равновесия и обоняния требуют междисциплинарного подхода, включающего раннюю диагностику, комплексное лечение и длительную реабилитацию. Своевременные действия значительно повышают шанс на полное восстановление и возвращение пациента к привычной жизни.

Б.М. АСКАРОВ,
поликлиника №2, г. Семей,
Курмет АБЗАЛУЛЫ,
поликлиника №1, г. Талдыкорган,
А.С. КАЛМУКАНОВА,
поликлиника №1, г. Талдыкорган

